


Б. Р. Құлжанова

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Лексикология

Оқу құралы



Алматы 2015

Б. Р. Құлжанова

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ


Лексикология
(Сөздік құрам)

Оқу құралы

АЛМАТЫ
«Қазақ университеті»

2015

ИНВ. № 57105



ӘОЖ 81'373(075.8)

КБЖ 81.2стд1-3

Қ 74

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен
ұсынылған*

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор **М. Малбақов**
филология ғылымдарының докторы, профессор **К. Қалыбаева**
филология ғылымдарының докторы, профессор **Б. Шалабай**

Құлжанова Б.Р.

Қ 74 Қазіргі қазақ тілі. Лексикология (сөздік құрам): оқу құралы
/ Б.Р. Құлжанова. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 41 б.
ISBN 978-601-04-1277-4

Оқу құралы қазіргі қазақ тілі лексикологиясының «Сөздік құрам» бөлімін тереңдетіп жазуға арналған. Мұнда «Көне сөздер», «Жаңа сөздер», «Кірме сөздер», «Термин сөздер», «Эмоционалды-экспрессивті сөздер», «Қарапайым сөздер», «Кітаби лексика», «Варваризмдер» әңгімеленеді.

Оқу құралы жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттеріне арналған.

ӘОЖ 81'373(075.8)

КБЖ 81.2стд1-3

ISBN 978-601-04-1277-4

© Құлжанова Б.Р., 2015
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2015

АЛҒЫ СӨЗ

Студенттердің білім алу жолында пайдаланатын басты құралдарының бірі – оқулық. Бірақ қай оқулықты алсақ та, белгілі бір ғылым саласындағы мәселелер толық қамтыла бермейді. Сондықтан оларға сол саладағы ғылыми еңбектерді қосымша оқып отыру тапсырылады. Бұл көп жағдайда талапкерлерге үлкен қиындық тудырады, өлшеусіз көп уақытын алады. Бұл ыңғайсыздықтан қалай құтылуға болады? Бізге қазіргі қазақ тілінің лексикология саласы бойынша ұсынылатын барлық қосымша әдебиеттерді қысқаша мазмұндап, қажетті-қажетті деген қиын мәселелерді, тұжырымдар мен қорытындыларды студенттердің ұғымына лайықтап, жеңіл тілде баяндап берсек, оқу үдерісіне елеулі үлес қоса алар едік деген ой келді. Алайда бұл идеяны жүзеге асыру ұзақ уақытты талап етеді. Осы себепті **Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаевтың** жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты оқулығының «Сөздік құрам» тарауына қосымша әдебиеттер бойынша толықтамалар жасауды дұрыс деп таптық. Мысалы, ресми оқулықта эмоционалды сөздер мен экспрессивті сөздер ажыратылмай бірге баяндалатын еді. Біз ұсынылып отырған оқулықта ол категориялардың өздеріне тән белгілерді ашып, бөлек-бөлек әңгімеледік. Анықтамаларын жаздық.

Жүйесі бір болғандықтан тілімізге енген моңғол сөздерін ажырату қиын. Оларды ғылыми жолмен қалай айырып, ажыратуға болатындығы жөнінде оқу құралында бірнеше ұстанымдар ұсынылды. Кірме сөздердің фонетикалық, семантикалық, грамматикалық тұрғыдан қандай заңдылықтар негізінде игерілгендігі де өз алдына қызық мәселе. Бұл мәселелерді де оқу құралына енгізуді мақұл деп таптық. Осылайша, көне сөздер мен жаңа сөздерге де, диалект сөздер мен кәсіби сөздерге де, термин сөздерге де, т.б. ғылыми еңбектер негізінде біршама толықтырулар жасалды. Қысқасы, бұл оқу құралы аталған сала бойынша қазіргі таңдағы талап-тілекке сай келеді деген сенімдеміз.

Оқу құралының жазылу барысында келелі кеңестер бергені үшін профессор **Б. Сағындықұлына** ризашылығымызды білдіреміз.

Автор

СӨЗДІК ҚҰРАМ

Сөздік құрам туралы жалпы мағлұмат

Белгілі бір тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы сөздік құрам деп аталады. Анықтамадағы «белгілі бір тілдегі» деген тіркесті қазақ тілі, орыс тілі, қытай тілі, ағылшын тілі, т.б. деп түсінуіміз қажет. Ал «сөздердің тұтас жиынтығы» деген ұғымға әдеби тілдегі барлық сөздер, кірме сөздер, ғылым мен техниканың сан алуан салаларына байланысты термин сөздер, диалект сөздер, өндірістің, шаруашылықтың белгілі бір түріне байланысты қолданылатын кәсіби сөздер, кісі аттары, жер-су атаулары, варваризмдер, арголар мен жаргондар, көне сөздер мен жаңа сөздер, қысқасы, жалпы халыққа таныс және таныс емес сөзформалардың барлығы тұтасынан енеді.

Сөздік құрам ғылыми әдебиеттерде көбіне лексика деп аталады. Сөздік құрамға қарағанда бұл терминнің мағынасы кеңірек. Белгілі бір халықтың ғана емес, жекелеген адамдардың сөз байлығын да лексика деп атай береді. Мысалы, Абайдың лексикасы, Ыбырай Алтынсариннің лексикасы, Ілияс Жансүгіровтің лексикасы, Шерхан Мұртазаның лексикасы деп айта береміз.

Ана тіліміздің сөздік құрамы аса бай. Алайда әдеби тілімізге іргетас болып қаланған негізгі сөздік қорымызды бөліп алып қарастырғанымыз жөн. *Жалпы халыққа түсінікті, жаңа сөздер жасауға ұйытқы болатын, өте ертеден келе жатқан сөздер негізгі сөздік қор деп аталады.*

Аса ежелгі дәуірлерден халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан, атадан балаға мұра болып қалып отырған сөздердің барлығы негізгі сөздік қор болып есептеледі. Негізгі сөздік қордың ең маңызды белгісі жалпыхалыққа түсініктілігінде: оны мамандығына қарамастан инженер де, мұғалім де, агроном да, зоотехник те, ұшқыш та, дәрігер де, жасына қарамастан үлкен де, кіші де түсіне береді. Негізгі сөздік қордың тағы бір ерекше белгісі жаңадан, тыңнан сөздер жасауға ұйытқы бола алады. Сөздік құрамдағы лексемалардың басым көпшілігі негізгі сөздік қордан жасалған сөздер болып есептеледі. Негізгі сөздік қорға мынадай тақырыптық топтарды жатқызуға болады. *Туысқандық атауларды білдіретін сөздер:* әке, шеше, ана, ата, әже, аға, апа, іні, қарындас, сіңлі, жиен, нағашы, т.б. *Дене мүшелеріне қатысты сөздер:* бас, көз, құлақ, мұрын, ауыз, бет, тіс, қол, аяқ, тізе, т.б.

Аспан денелерінің атаулары: күн, ай, марс, жұлдыз, шоқжұлдыз, т.б. *Адамның сапа, қасиеттеріне байланысты атаулар:* жомарт, сараң, ақкөңіл, ізгі, әділ, жақсы, жаман, ақылды, саналы, т.б. *Мамандықты, кәсіп иесін білдіретін сөздер:* етікші, аспаз, қойшы, жылқышы, түйеші, егінші, т.б.

Діни наным-сенімдерге байланысты атаулар: тәңірі, жұмақ, тамұқ, дию, албасты, көк тәңірі, т.б. *Жаратылыс құбылыстарының, табиғи заттар мен нәрселердің атаулары:* жанбыр, жел, найзағай, қар, бұлт, нөсер, жай, тұман, дауыл, боран, бұлақ, өзен, теңіз, т.б. *Жыл мезгілдерін, уақытты білдіретін сөздер:* жаз, күз, қыс, жазғытұрым, таң, күндіз, алагеуім, таңсәрі, кешқұрым, т.б. *Құс және аң атаулары:* қаз, үйрек, аққу, қарға, құзғын, тырна, торғай, бөрі, киік, түлкі, құлан, арыстан, тиін, елік, бұғы, т.б. *Үй жануарларының аттары:* қой, түйе, жылқы, ешкі, сиыр, тай, бие, т.б. *Егін, бау-бақша шаруашылығына байланысты сөздер:* арпа, күріш, бидай, тары, қауын, жеміс, қарбыз, жүзім, т.б. *Астағам атаулары:* май, ірімшік, құрт, қазы-қарта, жал-жая, шұбат, сүт, айран, т.б. *Киім-кешекке байланысты атаулар:* тон, шапан, тақия, қамзол, тақия, тымақ, сәукеле, көйлек, т.б. *Әлеуметтік, қоғамдық-саяси атаулар:* хан, уәзір, күң, құл, бек, би, бай, жарлы, тобыр, т.б. *Қимыл-қозғалыс атаулары:* кел, кет, жүр, бар, отыр, айт, іш, же, ет, оқы, жат, тұр, жаз, сыз, жақ, жар (отынды жар), бас (аяғынды бас), ек, сеп, т.б. *Сапаны, сынды білдіретін атаулар:* ақ, қызыл, жасыл, көк, сары, кара, қоңыр, тәтті, ащы, тұщы, суық, жылы, ыстық, т.б.

Негізгі сөздік қорды бұдан басқа да бірнеше тақырыптық-лексикалық топтарға бөлуге болады. Атап айтарлық жайт, олардың қай-қайсысы да негізінен бір буынды сөздерден тұрады және бүкіл түркі тілдеріне ортақ болып келеді.

Сөздік құрамды тарихи шығу, жасалу тұрғысынан қолданылу жиілігіне қарай, пайдаланылу шеңберіне қарай, көркемдік мәніне, стильдік қатысына қарай бірнеше топқа бөлуге болады. Тарихи шығу, жасалу тұрғысынан төл сөздер, кірме сөздер деп аталатын екі арнаға бөлуге болады. Белгілі бір халықтың өзіне тән сөздері *төл сөздер* деп аталады. Өзге тілдерден ауысқан сөздер *кірме сөздер* деп аталады.

Тілдегі барлық сөздер қолданылу жиілігіне қарай *актив сөздер* және *пассив сөздер* болып екіге бөлінеді. Актив сөздер деп жұртшылықтың бәріне бірдей түсінікті, күнделікті өмірде сөйлеу-жазу тәжірибесінде көп қолданылатын сөздерді айтады. Мы-

салы, байырғы түбір сөздер, тілге сіңісіп кеткен кірме сөздер, мақалдар мен мәтелдер, фразеологиялық тіркестер, т.б. актив лексикаға жатады. Пассив сөздер деп қажетті жағдайда ғана қолданылатын, мамандар арасында болмаса, жалпыға бірдей түсінікті бола бермейтін сөздерді айтады. Мысалы, архаизмдер мен тарихи сөздер, жаргондар, арголар, ғылым мен техниканың түрлі салаларына қатысты жаңа сөздер, диалект сөздер, кәсіби сөздер, т.б. пассив лексиканың қатарына жатқызылып жүр.

Тілдегі барлық сөздер жұмсалудың шеңберіне қарай *жалпыхалықтық сөздер* және *шектелулі сөздер* болып екіге жіктеледі. Қоғам мүшелерінің бәріне бірдей түсінікті, жұмсалуды, пайдалануды жағынан шек қойылмайтын бейтарап сөздерді жалпыхалықтық сөздер деп атайды.

Ғылым мен техниканың, мәдениеттің, өндіріс пен шаруашылықтың, кәсіптің әр саласына телінді арнаулы сөздер мен белгілі бір әлеуметтік топтар ғана қолданатын сөздерді *шектелулі лексика* деп атайды. Шектелулі лексикаға терминдер, диалект сөздер мен кәсіби сөздер, жаргондық, арголық лексика жатады.

Тілдегі сөздер көркемдік мәніне, стильдік қатысына қарай эмоционалды-экспрессивті сөздер, тұрмыстық сөздер, қарапайым сөздер, кітаби лексика, варваризмдер болып бөлінеді.

Жалпылама (жалпыхалықтық) лексика

«Тіліміздегі қар, су, дала, өзен, орман, мал, бар, жүр және тағы басқа сөздерді жалпылама лексикаға жатқызамыз. Өйткені бұл лексикалық топтардың қай-қайсысы да әдеби тілдің белгілі бір саласында ғана қолданылып қоймайды. Бұл саладағы сөздер қазақ тілінде сөйлейтін адамдардың барлығына – ақындарға да, ғылыми қызметкерлерге де, аңшыларға да, балықшыларға да, колхозшыларға да ортақ, қарым-қатынас құралы. Сондықтан да бұл сөздерді кім айтса да, барлығына бірдей. Бұл категориядағы сөздерге қолданылу жағынан ешбір шек қоюға болмайды» (Кенесбаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы, 1962. – 120-б.).

Бұл айтылғаннан жалпылама лексиканың үлкенге де, кішіге де, жасқа да, көрігіе де, бүкіл мамандық иелерінің барлығына да ортақ екендігін аңлаймыз. Жалпыға түсініктілігі – бұл лексиканың ең басты ерекшелігі. Сонымен қатар мұндай сөздердің стиль таңдамайтындығы да елеулі ерекшеліктерінің бірі. Көркем әде-

биет, публицистикалық, ғылыми, ресми, сөйлеу стильдерінде бірыңғай сипатта пайдаланылады. Осы себепті жалпылама лексикаға жататын сөздерді бірде бейтарап сөздер деп атаса, бірде *стиларалық сөздер* деп атайды.

Жалпыхалықтық сипатына қарай жалпылама сөздерге *жұмысшы, оқушы, қайраткер, білімді, шаруашылық, іскер, қарқынды, айбатты* сияқты туынды сөздер де, *өнеркәсіп, кәсіпорын, еңбекақы, жалақы, көзқарас, қанішер, белуар, күнбағар* сияқты біріккен сөздер де, тілімізге әбден сіңісіп кеткен *кітап, дәптер, қалам, дүние, бақыт, дос, зат, сіріңке, шен, рет, самауыр, сот* сияқты кірме сөздер де, *қара халық, екі жүзді, бір ауызды, бет алыс, қара мал* сияқты фразеологизмдер де, тағы басқа құрамда келетін сан алуан тілдік бірліктер жатады.

Жалпылама лексиканың тағы бір ерекшелігі – тура мағынасында жұмсалатындығы. Ауыспалы мағынаға немесе белгілі бір стильдік қосымша мәнге ие болды дегенше ол басқа лексикалық топқа өтіп кетіп жатады. Мысалы, «сүрлеу» деген мағынадағы жалпыхалықтық жол сөзі темір жол тіркесі құрамында термин сөзге айналған. Бұл тіркесті сондықтан да терминдік лексика құрамында да қарастырамыз. Егер жалпыхалықтық сөз жағымды не жағымсыз мәнге ие болса, ол эмоционалды-экспрессивті сөздердің тобына қосылады. Демек, мұндай сөздер сөйлеу тілінің де, жазба тілдің де лексикалық негізін қалайды.

Көне сөздер

Адамзаттың бір қоғамдық құрылымнан екінші қоғамдық құрылымға ауысып отыратыны тарихтан белгілі. Олардың қай-қайсысының да өзіндік ерекшеліктері, өмір сүру дағдысы, әдет-ғұрпы, салт-санасы, шаруашылығы, кәсібі түрлі-түрлі болып келеді. Заманның өзгеруіне байланысты бірқатар сөздер қолданыстан шығып, ескіре бастайды. Қоғам мүшелерінің бірі білсе, екіншілері білмейтін дәрежеге жетеді. Тіпті қолданудан біржолата ығысып, тілден шығып қалады. *Ескі заманның, ескі қоғамдық қатынастардың көрінісі байқалатын атаулар көне сөздер деп аталады.*

Көне сөздер өз ішінен ескірген сөздер (архаизмдер) және тарихи сөздер болып екіге бөлінеді.

Ескірген сөздер. *Мағынасы көнергендіктен тілден шығып қалған немесе күнделікті өмірде өте сирек қолданылатын же-*

келеген сөздер ескірген сөздер (архаизмдер) деп аталады. Ескірген сөздердің едәуір бөлегі әдет-ғұрып, салт-санаға байланысты ұшырайды. Мысалы, *қалың мал, қырық жеті, бесік құда, бел құда, киім кию, босаға аттау, ат-тон айып, отқа салар, ұрын бару, шаш сипау, ақсүйек, алтыбақан, қыз қуу, отқа май құю, шырақ жағу, жауырын ашу, т.б.*

Қазіргі кезде *торқа, шайы, мауыты, дүрия, патсайы* сияқты мата атаулары, *шекпен, күні, кебіс, кісе, кебене* сияқты киім-кешек атаулары, *саптыаяқ, тұтқыш, астау, керсен, қазанғап* сияқты ыдыс-аяқ атаулары өте сирек қолданылады. Көбіне көркем әдебиеттерде ғана кездеседі. *Екі тоғыз, үш тоғыз, бес тоғыз, тоғыз тоғыз* сияқты ай аттарын да ешкім атай бермейді. *Лашық, итарқа, қақыра, жолым үй, шошала, жатпа* сияқты үй тұрмысына байланысты атаулар да тілімізден шығып қалған. *Шопан ата, Қамбар ата, Зеңгі баба, Ойсыл қара, Сексек ата* сияқты мал пірлеріне де қазір ешкім сыйына бермейді.

Ескі сөздердің бірқатары тілімізден мүлдем шығып қалған. Бұрын *қара халықты «будун», аюдың күшігін «қонжық», көп* деген ұғымды «өкіш» деп атаған. Қазіргі жастар *нанның «етмак»* аталғанын, *бұзау терісінің «шөншік»* аталғанын, *өгіз терісінің «талыс»* аталғанын біле бермейді. Енді бірқатар сөздер фразеологизмдердің құрамында кездеседі. Мысалы, *көздің жауын алғандай* фразеологизміндегі *жау* сөзі бұрынғы кезде *май* деген мағына берген. *Көзім шырадай жанды* дегендегі *шырадай* сөзін *шырақтай* деп түсінеміз. *Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ* фразеологизміндегі *сарқ* сөзі қазіргі кезде *сары* болып айтылады. *Сары алтын* дегенді меңзейді. Қазіргі кезде *қ* дыбысы түсіріліп, *сары* болып айтылады. Көне сөздер сонымен қатар кейбір сөздердің құрамында да қалып қойған. *Алпамсадай ірі* деген тіркесті алсақ, осындағы *алпамса* бір замандағы адам есімінің, нақтырақ айтқанда Алпамыс батырдың өзгеріске ұшыраған формасы. *Бүлік, бүлдірді* деген сөздердің құрамындағы *бұл* түбірі ертеректе дербес қолданылған. Мұны көне түркі жазба ескерткіштерінен және қазақ жырларынан кездестіре аламыз. Мысалы, *Он сан ноғай бүлген күн*. Демек, мұндай сөздер түбір қалпында айтылмайды, бірақ туынды сөздердің құрамында сақталып қалған.

Тарихи сөздер. *Тарихи сөздер дегеніміз – өткен дәуірлерде белгілі бір қоғамдық ұғымдарды білдірген, қазіргі кезде қолданыстан шығып қалған, тарихи жағдайға байланысты ғана пайдаланылатын көне сөздер.* Ескі дәуірдің жаңа заманға өзгеруіне

байланысты, ескі қоғамдық түсініктер мен ұғымдардың жаңа қоғамдық түсініктер мен ұғымдарға алмасуына байланысты бірқатар сөздер сөздік құрамнан ығысып, көнереді. Мұндай сөздерді төмендегідей топтарға бөліп қарастыруға болады:

1. Материалдық мәдениетке байланысты пайда болған тарихи сөздер: *сәукеле, кимешек, торсық, мес, садақ, жебе, қорамсақ, адырна, қылыш, білтелі мылтық, т.б.*

2. Белгілі бір дәуірдегі саяси-қоғамдық, әлеуметтік өмірге байланысты пайда болған атау сөздер: *жүзбасы, дуан, болыс, атшабар, би, қазы, ханым, ханиша, ханзада, бикеш, бөйбіше, тоқал, құл, күң, малай, нөкер, бай, ұлық, бек, т.б.*

3. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қолданыста болған атаулар: *қызыл отау, қызыл керуен, рабфак, азық салығы, өзара салық, кедейлер комитеті, қосшы, ұя (партия ұясы), т.б.*

Тарихи сөздер көбіне көркем әдебиетте кейіпкерлер сөзінде, сонымен қатар тарихи шығармаларда ұшырайды. Тарихи сөздердің мағынасы түсіндірме сөздіктерде толық ашылады.

Жаңа сөздер

Қоғамның қарыштап дамуына байланысты өндіріс пен шаруашылықтың, ғылым мен техниканың, саясат пен дипломатияның, өнердің, әдебиет пен мәдениеттің әр саласына тән халыққа бейтаныс, тың, жаңа сөздер көптеп ене бастайды. Жаңа сөздер бүкіл халықтың немесе белгілі бір әлеуметтік топтардың игілігіне айналуы үшін ұзақ уақыт талап етіледі.

Өндірістің, шаруашылықтың, ғылымның, мәдениеттің дамуына байланысты тілдің сөздік құрамына кірген жаңа атаулар мен жаңа қолданыстар жаңа сөздер деп аталады.

Жаңа сөздерді жаңа атаулар және жаңа қолданыстар деп екі үлкен топқа бөлуге болады. *Жаңа атаулар деп тілімізге тың мазмун, бейтаныс формада басқа тілден ауысқан сөздерді айтамыз.*

Жаңа ұғымның пайда болуына байланысты тілімізде ертеректе енген араб-парсы сөздері *ораза, намаз, зекет, қалам, қағаз, дәптер, кітап, қажсылық, айт, пітір, медресе, мешіт, пейіш, періште, жын, пері, т.б.* әбден сіңісіп кетті. Бұлардың барлығы да алғашқыда жаңа атаулар болғандығы анық. Қазан төңкерісінен кейін де тілімізге сандаған жаңа атаулар келіп қосылды. Сондай-ақ *машина, трактор, электр, комбайн, телеграф, телефон, поезд, трамвай, радио, кино, театр, гимназия, училище, техни-*

қум, завод, фабрика, партия, комсомол, элеватор сияқты сөздер жиі айтылғандықтан сөздік құрамға еніп кетті.

Жаңа қолданыстар деп басқа тілдегі ұғымдардың қазақша баламаға ие болуын айтамыз. Мысалы *нарық* деген сөз бұрын «сатылатын заттардың тұрақты құнын» білдіретін еді, енді «жаңа экономикалық саясат» деген ұғымға ие болды. *Бәсеке* деген сөзді «өзара жарыс, біреуден озу мақсатындағы талас, өнер сайысы» деп түсінетінбіз. Енді оған «экономиканы дамыту жолындағы әдістердің бірі» деген ұғым үстелді. Бұрын өкімді «елге билік жүргізуші, ел басқарушы адам» ретінде қабылдайтын болсақ, оны енді «елді басқару жүйесінің бір көрінісі» ретінде түсінетін болдық. Осылайша, жаңа қолданыс кезінде тілімізде бұрын бар сөздер бұрынғы мағынасының үстіне жаңа мағына қосып алады немесе мағынасы мүлде жаңарады. Бұл олардың мазмұнында немесе формасында жаңа реңк пайда болады деген сөз.

Тіліміздегі жалпыхалықтық сөздерді жаңа қолданысқа түсіру оңай шаруа емес. Іздену барысында кездейсоқ жағдайлар да ұшырасып жатады. Басқаша айтқанда, кейбір баламалар бір-екі қолданыстан әрі аспай, ұмытылып жатады. Мұндай қолданыстар окказионал сөздер деп аталады.

Окказионал сөздер дегеніміз – жеке адамдар қолданған немесе жаңа қолданыс үшін балама ретінде ұсынылып, бірақ тіліміздің табиғаты қабылдамаған сөздер тобы. Мысалы, *микрофонды «үдеткіш», командировканы «жолсапар», алькоғолді «арақкеш», шоферді «айдарман», памидорды «алжұмыр», заявканы «бұйырман», мыслительді «санагер», комерсантты «пайдақор», творчествоны «өнернама», балконды «кылтима»* деп ұсынғандар болды. Бірақ бұлардың ешқайсысы да әдеби тілімізде қабылданылған жоқ, оның орнына басқа ұтымды сөздер пайдаланылуда.

Бұрыннан бар сөздерді іштей мағыналық өзгеріске ұшыратып, жаңа қолданыстар тудыру тілімізде ежелден бар әдіс.

Кіріме сөздер

Адамдар қоғам болып өмір сүрген соң бір-бірімен етене араласады. Дүниеде таза тіл деген ұғым жоқ. Өркениеті мықтап дамыған, мәдениеті, әдебиеті қарыштап өскен қай елді алсақ та олардың ұлттық тілдерінде кіріме элемент ұшыраспай тұрмайды.

Қазіргі жаһандану заманында дүниежүзілік тілге айналып тұрған ағылшын тілінің өзіндік төл сөзі бар болғаны 30 пайызды құрайды екен. Қалған 70 пайызы кіріме сөздер. Оның ішінде француз, португал, итальян, румын, латын, орыс, араб, т.б. халықтардың сөздері бар. Орыс тіліне 10 000-нан (он мың) аса түркі сөздері еніп кеткен. Ислам діні дәуірлеп тұрған заманда араб сөздері парсы тілінде 80 пайызға жеткен. Қазірдің өзінде парсы тілінде араб сөздері 60 пайызды құрайды. Демек, дүниежүзінде сөз ауыспаған бірде-бір тілді таба алмайсыз. Сол сияқты қазақ тілінде де кіріме сөздер едәуір дәрежеде кездеседі. Бірақ олардың біраз бөлегін қай тілден енгенін ажырата алмаймыз. Мысалы, *заң, лагман, манты жамбы* сөздерінің қытай тілінен; *матрос, рейс, рейд* сөздерінің голланд тілінен; *ария, опера, бензин* сөздерінің итальян тілінен; *рельс, футбол, департамент* сөздерінің ағылшын тілінен; *сәтен, драп, костюм, марш* сөздерінің француз тілінен, *студент, республика, декан, цирк, ректорат, делегат* сөздерінің латын тілінен; *эпос, олимпиада, гипс, диалект* сөздерінің грек тілінен; *перде, қант, шекер, леген, базар, дүкен, есеп-қисап* сөздерінің араб-парсы тілдерінен енгендігін біле бермейміз. Кіріме сөздер жүйесі бөлек тілдерден де, жүйесі бір тілдерден де ене береді. Мысалы, моңғол тілінің қазақ тілімен жүйесі бір, ал орыс, араб-парсы тілдерінің жүйесі бөлек. Тілімізге басқа тілдерге қарағанда осы үш тілден көптеген сөздер енген. Сондықтан осылардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталамыз.

Моңғол тілінен енген сөздер. Тілімізге моңғол тілінен Шыңғыс хан шапқыншылығына дейін де, кейін де сан алуан сөздер енген. Шапқыншылыққа дейін енген сөздер тілімізге әбден сіңісіп, төл сөзімізге айналып кеткен. Оларды ажырату өте қиын. Бірақ ғалымдар моңғол сөзі әлде қазақ сөзі екендігін ажыратудың мынадай жолдарын ұсынады.

1. Егер даулы сөз моңғолдың көне жазбаларында ұшырап, түркі жазбаларында ұшырамаса, сол тілдікі болып есептеледі.

2. Кіріме сөз екінші тілге енгеннен кейін төл тілде бар ескі сөзбен синонимдік қатар құрайды. Ал өз тілінде синонимдік қатар жасай алмайды.

3. Даулы сөз қай елдің фразеологизмінде ұшыраса, сол елдің төл сөзі болып есептеледі.

4. Сондай-ақ қай тілде көп мағыналы болса, сол тілдің сөзі болып есептеледі.

5. Төл сөз қашан да жаңа сөз жасауға қабілетті болып келеді. Демек, қай тілдікі екенін сөз жасау қабілетіне қарай да айқындауға болады.

Даулы сөзді анықтаудың бұдан да басқа да жолдары бар.

Мына сөздер: *мал, сал (суга сал ағызу), бал (араның балы), көк (заттың түсі), төл (малдың төлі), лай (батпақ), күрең (жылқының түсі), батыр, алып (ірі), бүлдірге (қамшының ілгіші), т.б.* моңғол тілінен ежелгі дәуірлерде енген болып есептеледі.

Ал Шыңғыс хан шапқыншылығынан кейін енген сөздер оңай ажыратылады. Дегенмен бұл сөздер де сөздік құрамға әбден сіңісіп кеткен. Олардың бірқатары мыналар: *әбдіре (өшекейлі сандық), аймақ (атырап), жасақ (өскер), талқы (талқыға салу), дулыға, қом (аттың қомы), бажса, балта, бұрғы, қайшы, бура, бұқа, дөнежін, құнажын, жайсаң, құрылтай, ноян, нөкер, т.б.* Моңғол ғалымы Базылхан моңғол тілі мен қазақ тілі сөздік құрамының 60 пайызы ортақ екенін анықтаған. Ол екі тілге ортақ 1500 түбірден таралған 24 000 туынды сөзді өз еңбегінде ажыратып берген. Моңғол тілі мен қазақ тілінің басты-басты фонетикалық айырмашылықтары келесілер: моңғол тілінде **к, л, р, е** – сөз басында айтылмайды. Қазақ тілінде **к, қ** дыбыстарынан басталатын сөздерді моңғол тілінде **х** дыбысымен айтады. *Қол – хол.* Қазақ тіліндегі **ж** дыбысын моңғол тілінде **з** дыбысы алмастырады. *Жол – зол, жүз – зус.* Көбіне қазақ тіліндегі **ш, с** дыбыстарының орнына **ц** дыбысы айтылады. Мысалдар: *шақ – цах, шешен – сәцен, шашақ – сацах, байсал – байцал.*

Араб-парсы тілдерінен енген сөздер. Кірме сөздер екі түрлі жағдайда – тікелей немесе жанама жолмен енеді. Араб сөздерінің тікелей енуге мүмкіндігі жоқ болғандықтан көбіне парсы тілі арқылы енді. Мұндай сөздер парсылық сипат алғандықтан араб-парсы сөздері деп аталады. Тілімізге сіңісе алмай, варваризм дәрежесінде қалып қойған сөздерді есепке алмағанда, ұзақ уақыт өткендіктен араб-парсы сөздері лексикалық, семантикалық, фонетикалық, грамматикалық жағынан үлкен-үлкен өзгерістерге ұшырап, тілімізді байытты. Басты-басты семантикалық өзгерістер топтастырғанда мыналар. 1. Араб-парсы тілдерінде көп мағына беретін сөздер қазақ тіліне ауысқанда бұрынғы мағыналарының бірқатарын жоғалтып, қолданылу аясы тарылады. Әдепкі тілге қарағанда аз ұғым беретін болады. Мысалы, араб тілінде *әсер* деген сөздің бес түрлі мағынасы бар. 1) Из, белгі. 2) Аңыз, ескерткіш. 3) Ықпал. 4) Пікір. 5) Шығарма, еңбек.

Осы мағыналар арасынан қазақ тіліне *ықпал* деген мағына ғана еніп отыр. Сондай-ақ парсы тілінде *гауһар* деген сөздің парсы тілінде бес мағынасы бар. 1) Алуан түсті, қымбат асыл тас. 2) Бір нәрсенің мәні, маңызы. 3) Табиғат, материя. 4) Шыққан тегі. 5) Элемент. Біз осы мағыналардың арасында «алуан түсті қымбат, асыл тас» деген ұғымды ғана қабылдағанбыз. Бұдан біз көптеген сөздердің қолданылу аясы тарылғанын көреміз.

Керісінше, араб тілінен енген сөздердің кейбіреулерінің пайдалану өрісі ұлғаяды. Мысалы, араб тілінде «азан» атауы «намазға шақыру» мағынасын береді. Бұл сөз қазақ тілінде «жаңа туған нәрестеге ат қоюда айтылатын дұға» және «таңертең, таңғы мезгіл, ерте» сияқты мағыналарды қосып алған. «Баға» парсы тілінде заттың құнын, нарқын білдіретін сөз. Қазақ тілінде 1) «оқушының білім дәрежесіне қойылатын бес балдық жүйе», 2) «қадір-қасиет, адамгершілік», 3) «тендесі жоқ, өте құнды» деген мағыналарды қосып алған. Сөйтіп, араб-парсы тілдерінде дара немесе аз мағына беретін сөздер қазақ тіліне енгенде көп мағына беретін сөздерге айналған.

Сонымен қатар тілімізде жаңа мазмұнға ие болу жолымен бұрынғы мағынасын жойған араб-парсы сөздері де бар. Мысалы, «сия» атауының парсы тіліндегі мағынасы 1) «қара күрең», 2) «қараңғы, көңілсіз». Осы сөз қазақ тілінде «жазу үшін қолданылатын сұйық зат» мағынасын береді. Араб тілінде «бейіт» «үй, баспана», қазақ тілінде – «өлген адамды жерлейтін орын, мола». Парсы тілінде «астана» – «кіре беріс, табалдырық». Қазақ тілінде – «басты қала, орталық». Демек, араб және парсы тілдерінен ауысқан сөздер кейде өзінің алғашқы мағынасын жойып, мүлдем жаңа мағынаға ие болады. Басқа тілден енген сөздердің семантикалық жағынан игерілуі деп мағынасының кенеюі мен тарылуын немесе жаңа мазмұнға ие болуын айтамыз. Жоғарыда аталған заңдылықтар тек араб-парсы сөздері ғана емес, орыс тілінен және моңғол тілінен енген сөздерге де ортақ.

Араб-парсы тілдерінен енген сөздер семантикалық жағынан ғана емес, фонетикалық жағынан да елеулі өзгерістерге түседі. Мысалы, парсы тіліндегі **h** дыбысы **й** дыбысына айналады. Мысалы, *фәһм – пайым, зейн – зейін, мейр – мейір.* Кейде **h** дыбысы түсіріліп айтылады. Мысалы, *һәйбат – айбат, һәфта – апта.* **ғ** дыбысы **қ** дыбысына айналып кетеді. *Файрат – қайрат, черағ – шырақ.* Араб тіліндегі **ф** дыбысы қазақ тілінде **п** дыбысына айналады. Мысалы, *фақир – пақыр, жәфа – жапа.* Араб тіліндегі

х дыбысы көбіне түсіріліп айтылады. *Халал – адал, хақим – өкім, хәрәкат – әрекет*, т.б. Басқа тілден енген сөздердің фонетикалық жақтан игерілуі деп олардың қабылдаушы тілдің дыбыс заңдарына бағындырылып, икемделуін айтамыз. Араб-парсы тілдерінен енген сөздер қазақ тіліндегі сөздермен тіркес құрай алады. Мұндайда тіліміздегі қосымшалар толығынан пайдаланылады. Мысалы, *бағалау, арзандау, құрметті, достық*, т.б. Басқа тілден енген сөздердің грамматикалық жақтан игерілуі деп ол сөздерге қабылдаушы тілдің қосымшалары жалғанып, олардың төл сөздермен емін-еркін тіркесіп, жұмсалы қабилетін айтамыз.

Орыс тілінен енген сөздер. Қазақ халқы мен орыс халқының өте ерте заманнан бері көршілес отыруы олардың бір-бірімен тығыз байланыс орнатуына мүмкіндік берді. Екі елдің талай ғасырлар бойы қарым-қатынаста болып, аралас-құралас отыруы нәтижесінде өмір қажеттілігіне орай бірінен-біріне көптеген сөздер ене бастады. Кірме сөздер әуелде тұрмыс қажетіне, мәдениетке, шаруашылыққа байланысты енді. Қазақстанның Ресейге бағынуы бұл байланыстарды одан әрі нығайтты. Әлемдегі ең бай тілдердің бірі орыс тілінен қазақ тіліне ауысқан сөздер қазір мыңдап саналады.

Орыс тілінен қазақ тіліне ауысқан сөздерді профессор Ғ. Мұсабаев шартты түрде төрт кезеңге бөліп қарастырады.

I кезең. Бұл – XVIII ғасырдың басына дейінгі кезең. Бұл кезеңде қазақ халқының орыс халқымен шаруашылық жағынан қарым-қатынасы одан кейінгі кезеңдердегідей дәрежеде болған жоқ. Дегенмен қазақ тіліне бірлі-жарым сөздер сол кездің өзінде-ақ ене бастаған. Қазіргі қазақ тіліндегі *кірпіш, саман* деген сөздер атақты филолог Махмуд Қашғаридың сөздерінде XI ғасырда болуы – бұл тілдердің ертеден қарым-қатынаста болғандығына айғақ.

II кезең. XVII ғасырдан бастап XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі уақыт. Бұл кезең Қазақстанның Ресей империясына өз еркімен бағынуымен, қазақ даласына орыстардың орналаса бастауымен байланысты. Бұл жағдайдан екі халықтың өзара қатынасы, шаруашылық-экономикалық байланысы күшейді. Соның нәтижесінде орыс тілінен қазақ тіліне, қазақ тілінен орыс тіліне біршама сөз ауысты. Бұл кездегі ауысқан сөздерге ауыл шаруашылық және үй саймандарының кейбір атаулары жатады: *соқа, борона, ходок, пикет, хутор, чашка, стакан, поднос, жарма (ярма)*, т.б. Сол сияқты орыс тілінен әскери-әкімшілікке бай-

ланысты біраз сөздер енді: *комендант, пристав, майор, солдат, поштабай (почтовой), сот (суд), атпекет (адвокат)*, т.с.с. Бұл сөздердің бәрі әуелі күнделікті тұрмыста сөйлеу тілінде болып, бірте-бірте қазақтың әдеби тілінде қалыптаса бастады.

III кезең. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Октябрь революциясына дейін созылады. Бұл уақытқа дейін қазақтың үш жүзі түгелімен Ресейге қараған еді, сонымен қатар Ресейде капитализмнің қарқынды дамып, сауданың күшеюі, ақша айналымы, сол сияқты екі халық арасындағы мәдени қатынас қазақ тіліне көптеген жаңа сөздердің кіруіне себепші болды. Бұл кезеңде тілімізге енген сөздердің бір бөлегі мыналар.

Қазақ даласына орыс техникасының тарауымен бірге тілімізге жаңа заттардың атаулары енді: *машина, сеялка, мотилка, сепаратор, мастер, ремонт, запас, двигатель, минут, секунд, завод, фабрика, станса (станция), вокзал, вагон, самауыр (самовар)*, т.б.

Әкімшілік-басқару ісіне байланысты мына сияқты сөздер енді: *үйез (уезд), ояз (уезд начальнигі), облыс (область), болыс (волость), ауылнай (аульный), жандарал (генерал-губернатор), пристав, протокол, итраф, контор, казна, урядник, приговор*, т.б.

Қоныс аударуға байланысты: *участок, колония, ызбот, (взвод), шкатулка, карниз, десятина, хутор, аренда, стол, скамейка, склад, капуста, картоп (картофель), помидор*, т.б.

Ғылым мен мәдениет саласына да көптеген сөздер енді: *газет (газета), журнал, гимназия, училище, диктант, парта, класс, мундир, форма, интернат, физика, химия, алгебра, геометрия, жағрафия (география), карта (географиялық)*, т.б.

Тілімізге енген сөздердің ішінде үй-ішінің керек-жарақтарын білдіретін сөздер ерекше орын алады: *бөкебай (пуховой), шәлі (шаль), шарф, бәтіңке (ботинка), галош (галози), бөз (бязь), бөлке (булка), бөтелке (бутылка), күрешке (кружка), кәрзеңке (корзинка), қорап (коробка), лампа, кірәсін (керосин), сіріңке (серники), тәрелке (тарелка), кәстрөл (кастрюль)*, т.б.

IV кезең. Октябрь революциясынан кейінгі кезең. Бұл кезеңде жаңа социалистік өндірістің, жаңа мемлекеттің, жаңа социалистік мәдениеттің, жаңа қоғамның пайда болуымен байланысты орыс тілінің де сөздік құрамы кеңейіп, байи бастады. Орыс тілінің баюы қазақ тілінің сөздік құрамына әсерін тигізді, орыс тілінен қазақ тіліне сөз ауысу үдерісі күшейді. Революциядан бұрын қазақ тіліне басқа тілдерден енген ғылыми терминдердің саны

аз ғана болатын, ал қазіргі қазақ тілінде ғылымның барлық салаларының терминологиясы жасалып, бір ізге түсті. Қазақ тілі лексикасында орыс тілінен енген сөздер лайықты орын алады [1].

Қазақ халқының Ресеймен Қазан төңкерісіне дейінгі қарым-қатынасы мен одан кейінгі кезеңдердегі қарым-қатынасы бірдей емес еді. Осы себепті тілімізге ауысып келген орыс сөздерінің жалпы сыр-сипаты да, игерілу, сіңісу дәрежесі де бірдей бола алған жоқ. Алғашқы дәуірлерде кірме сөздер түгелдей қазақ тілінің дыбыстық заңдарына бағынып өзгерсе, кейінгі кезеңдерде орыс тіліндегі күйінде мағынасы да, тұлғасы да өзгеріссіз сол күйінде қабылданды.

Ертеректе енген сөздердің бір бөлегі (*шайнек, сіріңке, тұрме, мәнер, тұрба, шен, кір, рет, кірпіш, меже, пима, бөкебай*, т.б.) әдеби тілімізге әбден сіңісіп кетсе, *сиса, сөтке, өшірет, мөшек, малақай, лампа, күршек, тияла* сияқты сөздер жергілікті ерекшеліктер ретінде аймақтық лексикаға ығысты. Орыстың *шен* (чин), *меже* (межа), *кір* (гир), *мәнер* (манера) *рет* (ряд) сияқты сөздері тілімізге енгеннен кейін бұрынғы мағынасын кеңейтіп, тіркесімділік қабілеті артып, сан алуан грамматикалық байланысқа түсті.

Соңғы кезде елімізде тілімізге ауысқан орыс сөздерінің қолданылуын реттеу, мүмкіндігінше олардың баламасын табу қолға алынып отыр (Кеңесбаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы, 1962).

Термин сөздер

Өндіріс пен шаруашылықтың, ғылым мен техниканың, саясат пен дипломатияның, өнердің, әдебиет пен мәдениеттің әр саласына тән арнаулы мәнде қолданылатын сөздер өз алдына лексикалық қабат құрайды. Бұларды терминдер деп атайды. Қоғамдық өмірдің жан-жақты дамуына байланысты біздің заманымызда тіл-тілде терминдердің қомақты қоры жасалған.

Арнаулы мәнде жұмсалатын лексиканың пайда болатын бірнеше қайнар көздері бар. Терминдер ең алдымен әр тілдің сөздік құрамындағы төл сөздері есебінен пайда болады. Мысалы, *отан, қоғам, еңбек, жарыс, мүше, батыр, шешен, жоспар, кеңес, атақ, бұйрық, оқу, білім, атақ, күрес, тап, кеш, орта* сияқты түбір сөздер, *бесжылдық, көзқарас, өнеркәсіп, еңбекақы, қол-өнер, өмірбаян, шаңсорғыш* сияқты біріккен сөздер, *оқу-ағарту,*

орақ-балға, қоғамдық-әлеуметтік сияқты қос сөздер, *ұлтара-лық қатынас, ұлт мәселесі, ой өрісі, дамушы елдер, халықаралық жағдай, бастауыш ұйым, еңбек құралы, қайта құру, азамат соғысы* сияқты тіркескен сөздер, *үйші, елші, сатушы, мамандық, оқулық, сенбілік, адамгершілік, ұсыныс, табыс, қондырғы, басылым, қайтарым, тыйым* сияқты туынды сөздер өз тіліміздің есебінен жасалып тұр.

Өзге тілден енген арнаулы сөздер де терминологиялық лексикамыздың едәуір бөлегін құрайды. Мысалы, тілімізде әбден сіңісіп кеткен арнаулы сөздер – *лексика, филология, синтаксис, грамматика, диалект, эпос, олимпиада, гипс*, т.б. грек тілінен; *студент, республика, декан, ректор, цирк, революция, делегат*, т.б. латын тілінен; *драп, трико, костюм, марш, кавалерия, блиндаж*, т.б. француз тілінен; *рельс, футбол, департамент, бифитекс*, т.б. ағылшын тілінен; *ария, опера, бензин, бас, тенор*, т.б. итальян тілінен; *бухта, матрос, крейсер, рейд, рейс*, т.б. голланд тілінен; *заң, лагман, манты, жамбы* (құйма күміс), т.б. қытай тілінен; *кітап, қалам, дәптер, мұғалім, тәрбие, мәдениет, апта, жұма, мекеме, арыз, өсиет, диқан, дақыл, перде, сауһар, азан, аруақ, айт, жаннат, пейіш* араб-парсы тілдерінен енген.

Арнаулы сөздер пайда болуының үшінші қайнар көзі өлі грек, латын тілдері болып есептеледі. Ежелгі дәуірлерден қазірге дейін бұл тілдерден жасалған сан мыңдаған сөздер бар. Өйткені термин сөздерді түрлендіріп пайдалануда аталған тілдердің лексикалық материалдары, грамматикалық элементтері өте ыңғайлы. Мысалы, грек тіліндегі «жылылық» ұғымын білдіретін *термос* сөзінен *термос* атауы, ұзындық өлшемін білдіретін *метр* сөзінен *метр* атауы жасалған. Бұл екі сөз біріккенде *термометр* атауы тілдік өмірге келген. Кейде өлі тілдердегі ауыс мағынаның өзі терминге айналып кетіп жатады. Айталық, латын тіліндегі *револютно* алғашқыда «кері қайтару» деген тура мағынада қолданылған. Одан дами келе «төңкеріс» деген мағына туындаған. Соңғы мағына *революция* деген терминге негіз болып, қаланады да, оны интернационалдық сөзге айналдырады. Тіліміздегі *автоқалам, инфрақызыл* сияқты сөздер де грек, латын өлі тілдерінің аса оралымдығын көрсетеді.

Қоғамдық өмірдің сан алуан салаларында арнаулы мәнде қолданылатын терминдердің тұтастай алғанда өзіне тән ерекше белгілері бар екендігін атап айтуға болады. Терминдер тек дара мағынада жұмсалып, бір ғана ұғымды білдіреді. Оған көп ма-

ғыналық жат. Сондай-ақ арнаулы сөздерде эмоционалдык бояу, экспрессивті қызмет дегендер де ұшыраспайды. Осы ұстаным сақталғанда ғана екіұштылық туындамайды. Сондай-ақ терминдердің антонимі, синонимі болмайды. Кейбіреулерінің омонимдері болған күннің өзінде әртүрлі салада пайдаланылғандықтан, омонимдестігі сезілмейді. Сыртқы пішіні ұқсасқанымен, ұғымдары басқа-басқа болып келеді.

Осындай ерекшеліктерін ескере келіп, термин жасаушыларға төмендегідей талап қойылады.

1. Термин дәл болуға тиіс. Термин арқылы ғылыми ұғым білдіріледі. Ғылыми ой-пікір қашан да өзінің анықтығымен, дәлдігімен, нақтылығымен ерекшеленеді. Бұл үшін термин білдіретін тиісті ұғымның басты-басты белгілері дәл саралануы керек.

2. Термин қысқа болуға тиіс. Себебі қазіргі кезеңде ақпараттық хабар күн өскен сайын үстемелене түсуде. Оның игерілуі қиындап отырған жағдайда терминнің қысқа болуының практикалық мәні бар. Термин қысқалығы оны есте сақтау үшін де, уақыт үнемдеу үшін де қажет.

3. Термин жүйелі болуға тиіс. Бұл термин құрайтын элементтерді және терминдік белгілерді дұрыс іріктей білу керек деген сөз. Терминология жүйелілігі термин элементтерінің тіркесімділігіне, басқаша айтқанда орналасу тәртібіне тәуелді. Термин, бір жағынан, терминологиялық жүйенің, екінші жағынан, жалпы тіл жүйесінің элементі ретінде қызмет етеді. Осы себепті ол екі жүйеге де «тастай батып, судай сіңуге тиіс» (Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988. – 12-13-б.).

Термин жасаудың жолдары мен тәсілдері көп. Солардың ішінде ең өнімділері:

1. *Семантикалық тәсіл*. Ұлттық тіліміздің өз мүмкіндігін толық пайдалану, негізінен, семантикалық тәсіл арқылы жүзеге асады. Бұл үшін қазақ тілінің байырғы сөздері мен ертеде енген араб-парсы сөздері арнайы жаңа терминологиялық мәнде жұмсалады. Мысалдар.

Отан деген сөздің о бастағы мағынасы «біреудің туған үйі», «шанырағы» немесе әрі кеткенде «туған ауылы» дегенді ғана білдіретін. Бұл сөз қазір «өскен жер», «атамекен», «туған ел» деген ұғымдарды білдіреді.

Күрес бұрын «екі адамның белдесуін, күш сынасуын» білдірсе, қазір саяси ұғым. Таптар күресі, саяси күрес, т.б.

Кештің бұрынғы мағынасы «тәуліктің бір мезгілі». Қазір қоғамдық іс-әрекеттің бір түрін атайды. Әдеби кеш, өнер кеші, т.б.

Көсем, жоспар, ошақ, отар, қоғам сияқты сөздерді осы ретпен талдай беруге болады.

2. *Морфологиялық тәсіл*. Бұл ретте терминнің дәл болуы түбір мен қосымшаның үйлесуіне тікелей байланысты. Осы екеуі жымдаса келе терминдік мәнге ие болады. Термин жасауда жиі пайдаланылатын жұрнақтар мыналар:

-шы/-ші: *тілші, үгітші, тәрбиеші, жазушы, әнші, жасақшы, дүкенші*, т.б.

-лық/-лік: *мамандық, сенбілік, орталық, республикалық, оқулық*, т.б.

-ма/-ме: *қондырма, үйірме, мінездеме, балама, жазба, баспа, мінбе*, т.б.

-ым/-ім,-м: *қырқым, ашылым, басылым, жазылым, қойылым*, т.б.

-ыс/-іс,-с: *сұраныс, көрініс, ұғыныс, тексеріс, отырыс, ұсыныс, табыс*, т.б.

-қы/-кі,-к: *құрылғы, жылытқы, ашытқы, қондырғы, сүлгі*, т.б.

-шыл/-шіл: *өзімшіл, ұйқышыл, сәлемшіл, уайымшыл, қоғамшыл, көпшіл*, т.б.

-шылық/-шілік: *адамгершілік, өкімшілік, жауапкершілік, кеңшілік*, т.б.

-қыш/-кіш: *тоңазытқыш, мұздатқыш, айықтырғыш, дән тазалағыш*, т.б.

-кер/-гер: *жауынгер, майдангер, баспагер, гарышкер*, т.б.

-дама/-деме: *аялдама, дәйектеме, жолдама, түсініктеме, жүктеме*, т.б.

3. *Калькалау тәсілі*. Калька дегеніміз – бір тілден екінші тілге дәлме-дәл аудару арқылы жасалған тілдік бірлік (жеке сөз, сөз тіркесі, фразеологизмдер). Оған *алғышарт* (предпосылка), *аялдама* (остановка), *басылым* (издание), *қондырғы* (установка), *жарты арал* (полуостров) мысал бола алады.

Жинақтап айтқанда, терминдердің құрылымы былайша жіктеледі:

1. Түбір тұлғалы терминдер: бал, бас, газ, йод, бор, лак, өт, алтын, т.б.

2. Туынды түбір терминдер: жазушы, бастауыш, баяндауыш, тракторшы, қондырғы, көрме, т.б.

3. Күрделі терминдер: үшбұрыш, екітілділік, темір-бетон, тәлім-тәрбие, т.б.

4. Қысқарған күрделі терминдер: колхоз, совхоз, обком, райпо, КСРО, МТС, т.б.

5. Сөз тіркесі түріндегі терминдер: а) еркін тіркесті терминдер. Мұның құрамындағы әрбір сыңар жеке тұрып термин бола алады. Ол басқа терминологиялық сөз тіркесінің қатарына енуі де ықтимал. Мысалы, *күкіртті азот, азотты алюминий, еңбекші бұқара, жазушылар одағы*, т.б.; ә) еркін емес тіркесті терминдер. Бұлайша тіркескен терминдер құрамындағы сөздердің бәрі бірдей жеке тұрып термин бола бермейді. Олар дәл осы тіркесім түрінде ғана терминдік қызмет атқарады. Мысалы, *қызыл бұрыш, ақ отау, қара топырақ, қызыл әскер, азат ел, сұрапыл соғыс*, т.б.; б) фразеологиялық терминдер: *ежелгі заман, көне тіл, үлкен жол, қызу жұмыс, рухани тәрбие, ерте дүние тарихы, даңғыл жол, тарихи кезең, табиғат заңы, ашық хат, арнайы тапсырма, салтанатты мәжіліс, айқын мысал*, т.б. (Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988. – 18-19 және 158-184-б.).

Терминге келесідей анықтама беруге болады. *Термин дегеніміз – ғылым мен техника, өндіріс пен шаруашылық, саясат пен дипломатия, мәдениет пен өнер салаларындағы немесе тұрмыстың белгілі бір саласындағы ұғымдарды дәл атау үшін арнаулы мәнде жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестері.*

Диалект сөздер

Қазіргі қазақ тілі – бүкіл қазақ халқына ортақ, біртұтас қарым-қатынас тілі. Бұлай болуы сөздік құрам мен грамматикалық құрылыстың барлық қазақ тілінде сөйлеушілер үшін ортақ екендігінен. Алайда жалпыхалықтық тілде белгілі бір жердің, аймақтың халқына ғана қызмет ететін, дыбыстық, грамматикалық және лексикалық жағынан өзіне тән өзгешеліктері бар тілдік бірліктер де кездеседі. Мұны диалектілік ерекшеліктер деп атаймыз. Қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктер әдеби тілден оқшауырақ тұрғанымен, жалпы алғанда, ұлт тілінің құранды бір бөлшегі болып есептеледі. Оның құрамында көне тілдің сарқыншағы, көрінісі ретінде сақталып қалған ескі сөздер де, әртүрлі дәуірлерде көрші халықтармен қарым-қатынас жасау нәтижесінде еніп кеткен кірме сөздер де, тіпті Кеңес өкіметі тұсында пайда болған тілдік бірліктер де бар. Олардың таралу си-

паты да әртүрлі: бірқатары әр жерде кездесіп әртүрлі айтылса, екінші аймақта айтылмайды. Бір алуан тұлғалар бірнеше сөйленіске (говорға) ортақ болып келсе, енді біреулері жекелеген сөйленісте ғана ұшырайды.

Қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктердің жалпы сипаты әдеби тілмен салыстырғанда толық аңғарылады. Олардың әр тілдік деңгейдегі көріністері төмендегідей болып келеді.

Фонетикалық ерекшеліктер.

Әдеби тілдегі **о, ө, ы, е** дауыстылары жергілікті жерлерде **ү, ү, і, ә** дауыстыларымен алмасып, диалектілік өзгешелік түзеді. Мысалы, ар-ождан – *ар-үждан*, домалау – *жұмалау, дұмалау*, ояну – *үяну*; дөнен – *дүнен*, өгей – *үгей*, мөңіреу – *мүңіреу*; ылаж – *іләж*; кесе – *кәсе*, леген – *ләгөн*, зембіл – *зәмбіл*, т.б. Бұл алмасулар кей жерлерде керісінше сипат алады: ұрпақ – орпақ, ұқсайды – оқсайды, ұнжырғасы түсу – онжырғасы түсу, арық-тұрық – арық-торық; түнеру – төнеру, жүнжу – жөнжу; піскен – пыскан, бір – быр; бөкі – беки, кәсіп – кесіп, гөп – кеп, т.б. Сондай-ақ бұзау – бызау, тұман – тыман сөздерінен **ү** мен **ы** алмасуларын, бебеу қағу – *бабау қағау*, кемпір-сампыр – кемпір-семпір сөздерінен **а** мен **е** алмасуларын, кесіртке – *кесертке*, кірпіш – *керпіш*, ілеген – *елеген* сөздерінен **е** мен **і** алмасуларын байқаймыз.

Дыбыс алмасулары дауыссыздар арасында да ұшырайды. Олардың арасында жиірек кездесетіндері: маңдай – *маңлай*, түндік – *түңлік*, таңдай – *таңлай*, адал – *алал* сөздерінде **д** ұяңы **л** үнді дауыссызымен алмасқан. Мысық – *мышық*, басқыш – *башқыш*, тұрмыс – *тұрмыш*, мұрса – *мұрша*, сөздерінде **с** қатаңы **ш** қатаңымен, диірмен – *тиірмен*, доға – *тоға*, домалау – *томалау* сөздерінде **д** ұяң **д** қатаң **т**-мен, пеш – *беш*, пейіл – *бейіл*, палау – *балау*, тапа – *таба* сөздерінде **п** қатаңы **ұяң б**-мен алмасса, тенге – *теңке*, нөкер – *нөгер*, шөңге – *шөңке*, кіл – *гіл* сөздерінде **г** мен **к** өзара алмасқан.

Белгілі бір дыбыстың түсіріліп айтылуы да диалектілік айырмашылықты аңғартады. Олай болса – *олай боса*, келмей қалды – *кемей қалды* тіркесінен **л** дыбысының, сурет – *сүгірет*, иесі – *егесі*, ер – *егер* сөздерінен **г** дыбысының, бүкіл – *бүткіл*, қабырға – *қабыртқа*, арқылы – *артқылы* сөздерінен **т** дыбысының түсіріліп айтылғанын байқау қиын емес.

Морфологиялық ерекшеліктер.

Оңтүстік аймақтардың кейбір аудандарында көмектес септік жалғауының **-мынан, -бынан, -пынан, -бан, -пан, -ман** варианттары ұшырасады. Мысалы, *шанамынан* келдім, *атпан* жүретін.

Батыс қазақтарының сөйленістерінде жіктік жалғауының II жақ сыпайы түрі **-сыңыз, -сініз** формалары арқылы жасалады. Мысалы, Оралға барасыңыз, кім боласыңыз. Шығыс Қазақстан облысының кейбір аудандарында көсемшенің **-ғалы, -гелі, -қалы, -келі** жұрнақтары орнына **-ғайы, -гейі, -қайы, -кейі** тұлғалары қолданылады. Мысалы, барғайы, айтқайы, еріткейі, табысқайы, кеткейі, келгейі, т.б. Оңтүстік аймақтарда жиі кездесетін бұйрық райдың бір түрі – **-ғын, -ін, -қын, -кін**. Мысалы, айтқын, білгін, кигін, мінгін, т.б. Қазақстанның ұлан-байтақ территориясында бұдан басқа да морфологиялық ерекшеліктер бар.

Синтаксистік ерекшеліктер.

Әдеби тілмен салыстырғанда қазақ сөйленістерінде сөйлем ішінде кейбір септік жалғаулары өзара алмасып, дағдыдан тыс қолданыла береді. Мысалы, осы айға қар жаууы мүмкін, балам Алматыға оқиды сөйлемдерінде (айға, Алматыға) жатыс септігінде қолданылуға тиіс сөздер барыс септігінде тұр. Сондай-ақ «Ол ескіше бір-екі молдаға оқыған» деген сөйлемде шығыс септігінде қолданылуға тиісті сөз барыс септігінде тұр. Біз Базарбайға қуып жеттік деген барыс септігі табыс септігінің орнында тұр. Мұндай ерекшеліктер көненің қалдығы болуы да мүмкін.

Әдеби тілдегі сөздер жергілікті жерде нормадан тыс тіркес құрап, диалектілік сипатқа ие болады. Мұны арық құлату (арыққа су жіберу), дерек қату (хабарлау), аман ору (аман-есен тұру), тәртіп беру (нұсқау беру) тіркестерінен байқауға болады. Құрамында әдеби тілде қолданылмайтын сөздер бар тіркестер де кездеседі: шақаты келмеу (мұршасы келмеу), қалты айту (өтірік айту), таптадай ету (тыңғылықты ету), ұлпетке беру (қонаққа бару), т.б.

Қазақ тілі сөйленістеріндегі грамматикалық ерекшеліктер сан жағынан алғанда онша көп ұшырамайды. Олар әдеби тілдің морфологиялық құрылысымен негіздес.

Лексикалық ерекшеліктер.

Лексикалық айырмашылықтар Қазақстанның жер-жерінде көптеп ұшырасады. Батыстық облыстарға ортақ сөйленісте мәсіні ату, көшені орам, дөңгелекті тегершік, тасбақаны тарбақа, иінағашты күйене деп атаса, Маңғыстау сөйленістерінде шамаласты қаржас, қораны шалдуар, тайыз құдықты орпа, көзі бітелген құдықты үспе, Арал сөйленісінде «ең жақсы» дегенді ағала, «еш нәрсе» дегенді дүре, «өгей» дегенді дегді, «ауыл төңірегі» дегенді еңсе, «тұлкінің күшігі» дегенді мыршай, «төбешік құм» дегенді шоқат деп атайды.

Шығыс Қазақстан облысының Аягөз сөйленісінде қамбаны бора, есік ілгегін шот, басқа тартатын орамалды байлауыш, көріні можа, құданы анда дейді. Өскемен сөйленісінде «кішкентай» дегенді шерміш, «кіреберіс» дегенді сеңке, «қол ара» дегенді шербек, «ұлкен» дегенді жойпан деп атайды.

Қостанай облысында көпей (кенже қозы), әйдік (ұлкен), шит (кішкентай тозаң), дің (биік жер) сияқты, Қарағанды облысында ат жүргіш (қамшы), борман (қамба), жайлау (қол бақыр) жуырқан (көрпе), қылауыз (өсекші), бұқара (ашытқы) сияқты, Көкшетау облысында бөгербас (ыдыс-аяқ салатын сандықша), көкпір (тесік ожау), қырша (жінішке қарағай), шікірә (жаңа туған лақ), апай (ашық дала), сібер (өркөкірек), рабайсыз (шамадан тыс) сияқты бейтаныс сөздер кездеседі.

Бір заттың ұғымы Қазақстанның түкпір-түкпірінде бірқатар жағдайда әртүрлі айтылып, өзара синонимдік қатар түзеді: өтеу – қораз, күнбағыс – күнбағар, атауыз – тістеуік – кемпірауыз, су ағаш – иін ағаш, сіріңке – кеуірт – оттық – шырпы, т.б.

Диалектілік сөздер әдеби тілге қолданысына қарай омонимдік топ та құрай алады. Мысалы, долы I. ашулы, ызакор; долы II. жауын-шашынды, борасынды; долы III. диалектілік мағынасында «бұршақ». Сым I. телефон, радио бағаналарына тартылатын жінішке, ұзын металл; сым II. диалектілік мағынасында «матадан тігілген шалбар».

Қазақ сөйленістерінде әдеби тілдегі мағынасын сақтай отырып, қосымша диалектілік мағынада жұмсалатын сөздер де бар. Мысалы, тас сөзі Орал облысында әдеби тілдегі мағынасын сақтай отырып, «кірпіш» мағынасында да жұмсалады. Кейде әдеби тілдегі сөз мүлдем басқа диалектілік мағынада қолданылады. Мысалы, әжептәуір деген сөз әдеби тілде «жақсы, тәуір» деген мағынада жұмсалса, Орда қазақтарының тілінде жағымсыз мағынада жұмсалады. Ерсі сөзі әдеби тілде жағымсыз мағынада жұмсалса, Шығыс Қазақстан, Семей облысының кейбір аудандарында «жақсы, керемет» мағынасында қолданылады (Қалиев Ф., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. – Алматы, «Ғылым» ғылыми орталығы, 2002. – 70-75-б.).

Кәсіби сөздер

Кәсіби сөздер жергілікті жерде әр алуан кәсіптің, өндірістің туып, дамуымен қалыптасады, сол кәсіпке, өндіріске байланысты заттардың, еңбек құралдарының еңбек өнімінің, үдерісінің атау-

ларын білдіреді. Мұндай сөздер белгілі бір кәсіппен шұғылданған адамдар арасында қолданылады да, көбіне солардың өздеріне ғана түсінікті болады. Мысалы, Каспий, Арал балықшылары тіліндегі *шола* (балықтың азаюы), *ұйық* (балықтың бір жерге шоғырлануы), *әттік* (қармақтың тілі), *балберкі* (қалтқы), т.б. сөздерді балық шаруашылығын кәсіп еткен адамдар ғана түсініп, бұл кәсіппен шұғылданбайтын басқа жердің адамдары білмейді де, түсінбейді. Диканшылыққа байланысты көптеген сөздерді бәрі білгенімен, егін-жай кәсібі жақсы дамыған оңтүстік аудандардағы *бәдірең* (қияр), *әбінауат* (үлкен сары қауын), *оман арық* (үлкен арық), *жадау* (үлкен арық), т.б. сөздерді әркім біле бермейді. Әрине, белгілі кәсіп, шаруашылықпен байланысты сөздердің бәрін халыққа түсініксіз деп қарамау керек. Олардың ішінде ежелден жалпыхалықтық болып, тіпті негізгі сөздік қорға еніп кеткендері аз емес. Мысалы, шортан, қармақ, алабұға, жайын сөздері ешкімге жат емес. Ал кәсіби сөздер – жалпы халыққа бірдей түсінікті бола бермейтін, белгілі кәсіппен шұғылданытын адамдардың арасында ғана айтылатын, соларға түсінікті сөздер мен сөз тіркестері.

Қазақ тілінде кәсіби сөздердің түрі мол. Олардың бірқатары өртүрлі шағын кәсіпке, ұсақ мамандыққа (балташылық, өрімшілік, зергерлік, тоқымашылық, т.б.) байланысты. Мұндай сөздер жергілікті халық тілінде қай жерде болсын кездеседі. Мәселен, Маңғыстауда зергерлікке, ою-өрнек түріне байланысты *қас* (зергерлік бұйымдарға салатын жарқырауық тас), *сабақ* (бауы қысқа сырға), *сірке* (затты мәнерлеу үшін салынатын әшекей), т.б. сөздер бар. Түркімен қазақтарында кілем тоқуға байланысты *ашық* (кілем жиегіндегі мәнер), *арқы* (кілемнің тақыр жағы), *топырақ* (түкті кілемнің шетіндегі жалпақтығы 4-5 елідей тақыр жері), *басылық* (кілем тоқып жатқанда екі жағына салынатын жіп, тоқылып біткен соң алынып тасталады), т.б. сөздер кездеседі.

Кәсіби сөздер тілімізде таралу жағынан да, әдеби тілге қатысы жағынан да біркелкі емес. Мысалы күнбағыс//күнбағар, дақыл, жүгері, қияр, қарбыз, жүзім, алмұрт сияқты сөздер жалпыхалықтық сипат алып, әдеби тілден мықтап орын алса, борми//порми, бәдірең, көмбе-қонақ сияқты сөздер жалпыхалықтық сипат ала алмай, белгілі бір шағын аймақта ғана қолданылып жүр. Осыған орай кәсіби сөздерді екі топқа бөлуге болады: 1) жалпыхалықтық сипаттағы кәсіби сөздер; 2) диалектілік сипаттағы кәсіби сөздер.

Жалпыхалықтық сипаттағы кәсіби сөздер. Бұл топқа әдеби тілде норма болып қалыптасқан, жалпыхалықтық сипатта қолданылып жүрген жүгері, қияр, сәбіз, қарбыз, жүзім, дақыл, бидай, арпа, сұлы, мақта, бекіре, шортан сияқты сөздер жатады.

Диалектілік сипаттағы кәсіби сөздер. Бұл топқа жалпы халықтың қолдануынан орын ала алмай жүрген, бірақ әдеби тілді байытуға аса қажетті сөздермен қатар әдеби тілде баламасы бар, сол себепті әдеби тілдің лексикасына кіре алмайтын кәсіби сөздер жатады. Мысалы, жалпыхалықтық дәрежеге жете алмай жүрген, бірақ әдеби тілдің лексикасына аса қажетті сөздер тобына *жиде* (ұсақ сарғыштау жеміс), *морда* (балық аулайтын құрал), *шанақ* (мақта өсімдігінің қалқаны) сияқты сөздер жатады. Ал әдеби тілде баламасы бар, әдеби тілдің лексикасын шұбарлайтын сөздер тобына *чаңбыр* (шалғам), *аскелді* (асқабақ), *көмбеқонақ* (жүгері), *бәдірең* (қияр), *борми//порми* (жүгері) сияқты сөздер жатады. Кәсіби сөздердің көпшілігінің әдеби тілде баламалары жоқ. Олардың көбі әлі де болса әдеби тіл дәрежесіне, жалпыхалықтық қолданылу дәрежесіне дейін көтеріле алмай келеді.

1. Балық шаруашылығына байланысты кәсіби сөздер.

Торта. Қаракөз балық (вобла). Ақ балық түстес кішкене балық.

Қаяз. *Сүген* (усач). Еті ірі тікенді, үстінде қабыршағы, аузының төменгі екі жағында мұрты бар, түсі көкшіл, ақ шұбар, үлкен балық. Еті дәмді.

Табан (лещ). Денесі жалпақ, іші шығыңқы, терісі қабыршақты, қызыл қанат кіші балық.

Қызылқанат (красноперка). Торта төріздес кіші денелі, ұсақ қабыршақты, тікенді балық.

Асман. Таулы жерлердің өзен, көлдерінде болатын мұртты балық.

Карбол//гарбол. Сазанның ең кішісі, салмағы – 100-150 гр. Шалқарда *қарабурге*, Аралда *мөңке*, Каспийде *торман* дейді.

Таутан. Сазан. Іле бойындағы балықшылар *таутан* деп сазанды айтады. Балқаш балықшылары *таутан* деп алабұғаны айтады.

2. Жер суландыруға байланысты сөздер.

Бұл атауларға әсіресе оңтүстік-шығыс өлкелер бай. Ирригацияға байланысты сөздердің басым көпшілігі, басқа кәсіби сөздер сияқты, әдеби тіл лексикасының баюына аса қажетті.

Әнер. Үлкен, бас арық. Егінге әнерден су жібердік (Онт. Қаз. обл.).

Жан арық. Егістік жердегі оқ арықтан тарайтын арық. *Жан арық* деген егіске жақын жүреді (Шығ. Қаз.).

Қарық (Қ.орда, Қарм.) Ұсақ арық, бақша ішіне жіберілетін кішілеу арық.

Қолиық. Кішкене арықшалар. Бұл қарықтан да кіші болады (Жамб. обл.).

Қол арық. Ең кішкене арық. Суды оман арықтан қол арыққа бұрдық (Қарағ., Шет.).

Оман арық. Үлкен бас арық. *Оман арықтың* суын егінге байлады (Қарағ., Шет).

Құлақ арық/құлақ. Егінге су жіберетін арықтың аузы, жолы. Егінге құлақты кең ашпаса, су жақсы тарамайды (Шығ. Қаз. обл). Кейбір атыздардың су жүретін құлағына қазық қағып, талдырғылап тастапты. Ескі суы қашыртқылануда.

3. Бау-бақша егісімен байланысты сөздер.

Пашақ/башақ. Қауын-қарбыздың дәні. Аскелдінің пашағы ірі болады. (Гур., Маңғ.) Кешір (Түркм., Ашх.).

Сәбіз. Орынбор қазақтары сәбізді ешкікүйрық дейді.

Оңтүстік сөйленістерде қауын-қарбызға байланысты көптеген кәсіби сөздер бар. Мысалы, *қарбыз* сөзі оңтүстік аймақтарда *дарбыз* түрінде айтылады. Семей облысы Мақаншы, Үржар аудандарының тұрғындары *қарбызды қауын* дейді де, қауынды *діңке* дейді. Қауынның мынадай түрлері бар:

Күләсан/патсайы қауын. Сары ала, үсті тор-тор болады.

Торлама. Тәтті қауынның бір түрі.

Әміре//шартылдақ әміре. Іші қызыл, қабығы жұқа тәтті қауын.

Қауыншек. *Қақтаған қауын*. Бұны қақ деп те атайды. Жеп көрдің бе алтындай қауыншекті, Жер шарына оның да даңқы жетті (Н. Бекежанов).

Әңгелек. Ерте пісетін қауынның кішкентай түрі. Дәукен ағайдың әңгелегі шығыпты деген сөз тарап кетті (Н. Сералиев).

Бұлардан басқа қауынның *басыбалды*, *күләбі*, *ақ набат*, *ақ ұрық*, *қызыл ұрық* сияқты түрлері кездеседі.

4. Мақта шаруашылығына байланысты кәсіби сөздер.

Оңтүстік Қазақстан облысының тұрғындары тілінде төмендегідей сөздер кездеседі:

Бұр. Қозаның ең алғашқы түйінінде қоза көсегін орап тұратын жапырақтар.

Гүлше. Гүл шығара бастаған шанақ.

Шанақ. Мақта талшығы жетіліп ашылғанға дейін ыстықтан қорғап тұратын қалқан.

Бұл сөзбен байланысты шанақ байлау (шанақ салу), шанақ

төгу (шанағы түсу) деген тіркестер қолданылады. Бұл сөз шанақтау болып егістік тұлғасында да қолданылады.

Қоза. Мақта өсімдігі.

Қоза баптау – мақта өсімдігін күту.

Қоза көшеті – мақта өсімдігінің түбі.

5. Бидай, жүгері, тары дақылдарымен байланысты кәсіби атаулар.

Боз тұмсық/боз мұрт. Тарының шала піскен кезі. Тарының жары пісіп, жары піспей тұрған кезін боз тұмсық дейміз (Орын., Ад.).

Зорат. Тары үйіндісі. Зораттың көлемі скірден кіші болады (Орын., Ад.).

Мөдек. Жүгерінің жеміс беретін сабағын біз мөдек дейміз (Сем., Үрж.).

Ақнорми (Сем., Үрж.). Үлкен, толық болып шыққан жүгері.

Борми (Сем., Үрж.). Нашар шыққан жүгері.

Қобан бидай. Қатты бидай. Бұл күнде *қобан бидайға* қатты бидай деп есім берді дейміз (Орын., Ад.).

Бөһәрі бидай (Оңт. Қаз., Қазығ.). Көктемде егілетін бидайдың бір түрі.

6. Мал шаруашылығына, жан-жануарлар дүниесіне байланысты атаулар.

Сиыр-сыбыр. Сиыр-миыр. Көзіңе жайылып жүрген *сиыр-сыбыр* көрінген жоқ па? (Гур., Маңғ.).

Бірқырқар. (Орал, Жән.). Күзге таман кеш туған кенже қозы.

Тұқай. Тұяқ.

Мойнақ. Адай жылқысының бір тұқымы.

Түйе шаруашылығымен көбірек айналысатын аудандарда түйемен байланысты көптеген сөздер бар.

Көрт. Лек пен кердеріден туған түйенің тұқымы.

Кердері. (Гур., Маңғ.). айыр түйе мен нар түйенің арасынан туған будан. Түйенің тәуір түрі.

Жарбай. (Түрікм., Таш.). нардың нашар түрі. Көбінесе нар мен бураның араласуынан туады.

Тас түйе. (Гур., Маңғ.). Нар мен аруананың арасынан шыққан асыл тұқымды түйе.

Қаймал. (Гур., Маңғ.). Үш жастағы ұрғашы түйе.

Жөгі//жоң. Түйенің жаманы. *Жоң түйе* адамды тістеп алады (Оңт. Қаз., Сарыағ.) (Қалиев Ф., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 54-64-б.).

Эмоционалды-экспрессивті сөздер

Адамдардың шындық өмірмен қарым-қатынасында, оны танып-білуде сезім аса үлкен рөл атқарады. Ол әрбір жанның ішкі дүниесінің бар болмысын қамтитын үлкен өзгеріс. Саналы тіршілік иесі өзін қоршаған ортаға, айналасына немқұрайды қарай алмайды: ұнатады немесе жек көреді, риза яки наразы болады. Қуанады, қынжылады, ренжиді, сүйсінеді, еркелейді, масайрайды, қайғырады, өкінеді, жылатады, жұбатады, абыржиды, налиды, үрейленеді, қызығады, әуейленеді, келекелейді, кекетеді, ажуалайды, қымсынады, ұялады, т.т. Қарым-қатынас жасау барысында пайда болатын жағымды сезімдер де, жағымсыз сезімдер де сыртқа, жарық дүниеге тіл арқылы шығады.

Адамның көңіл күйін, ішкі сезімдерін білдіретін, қолданыс кезінде жағымды я жағымсыз әсер тугыза алатын сөздер эмоционалды (әсерлі) сөздер деп аталады.

Халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан эмоционалды сөздер үш түрлі жағдайда көрініс береді:

1. Кейбірі жеке тұрып-ақ эмоционалдық мағына береді немесе оған атау бола алады: *гажасп, керемет, жарықтық, зерек, саңлақ, пырақ, сұмырай, пәлекет, әбілет, сұм, делқұлы, дарақы, зұлмат, жауыз, есалаң, масқара, сайқал, жексұрын, тамаша, қуаныш, сағыныш, қорқыныш, үрей, үміт, қызғаныш, мақтаныш*, т.б.

2. Логикалық-заттық, эмоционалдық мағынасы жарысып жүреді: *өлім, табыт, марқұм, кір, өдемі, жақсы, көңілді, қатты, арамза, алаяқ*, т.б.

3. Ауыспалы мағынада қолдану арқылы эмоционалдық мән жамылады: *алтыным менің, күнім менің, қозым менің, маңырайды да отырады, ақ саусақ, кебеже қарын, көк мойын*, т.б.

Эмоционалдық мағынаны жеткізуде әсіресе одағайлар ерекше көзге түседі. Шындық өмірдегі затты, құбылысты, қимыл-әрекетті білдіруге қатысы болмағанымен сөйлем құрамында сөйлем мүшелерімен байланысқа түспегенімен, олар адамның сезімін, көңіл күйін өз дәрежесінде жеткізе алады. Мысалы, *бәсе, иә, бәрекелді* риза болу мәнін, *oho, ehe, алақай* қуану мәнін, *ah, oh, ойбай* қорқу, шошу мәнін, *қап, түү, әттең* өкініш мәнін, *nah-nah, ehe, oho, пай-пай, па, пәлі* таңырқау, таңдану мәнін, *тәйт, жә, тек* тежеу мәнін білдіреді.

Сондай-ақ фразеологизмдердің көпшілігі эмоционалды-экспрессивті мәнге ие болып келеді. Мысалы, *тас бауыр, шіріген*

жұмыртқа, екі қолы алдына сыймау, ит терісін басына қаптау, ағаш атқа отырғызу, тақырға отырығызып кету, т.б. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Тілші ғалымдар эмоционалды сөздердің барлығында экспрессивті сипаттын жарыса жүретіндігін бір ауыздан мойындайды. Сондықтан мұндай сөздерді эмоционалды-экспрессивті сөздер деп атайды. Алайда соңғы кезде кейбір зерттеушілер эмоционалды сөздерде көңіл күй, ішкі сезім, бағалауыштық қасиет басым болса, таза экспрессивті сөздерде мәнерлілік, көркемдік, әртүрлі рең, өң, әр, суреттілік ерекше байқалатынын пайымдай бастады. Мысалы, іс-әрекетті, қимылды білдіретін *сыңқылда, еңкілде, қарқылда, қыңқылда, ажырай, ожырай, шүқиш, бақши, зымыра, кердеңде, дедектет, дырылдат*, т.б., қалыпты білдіретін *алишай, қоқи, мелши, шалжси, делди, қазди, қақи, қалиш*, т.б. толып жатқан сөздер суреттілігімен, мәнерлілігімен ерекшеленеді. «Қызыл шұнақ қыс» деген тіркестегі метафора – қызыл шұнақ. «Қала күңіреніп, дала күрсінді» деген сөйлемдегі метонимия – *күрсінү, күңіренү*, эпитеттер – *алма мойын, бота көз, қолаң шапш*, қос сөздер – *кемпір-шал, ат-мат, жалт-жалт, тарс-тарс* бірыңғай экспрессивті рең білдіріп, ерекше топ жасай алады.

Мәнерлі, бейнелі қабылданатын жеке сөз, сөз тіркестері экспрессивті сөздер деп аталады.

Тілімізде эмоционалды-экспрессивті мән-мағына беруге *-еке, -қа, -ке, -й, -тай, -жан, -қан, -ақан, -қай, -кей, -шақ, -шке, -шық, -шік, -ша, -ше, -ш, -мақ, -ғай, -гей, -ыңқыра, -інкіре* жұрнақтары, *-сымақ, -шығаш, -шігеш, -екеш* шылаулары қатысады. Бұл жұрнақтар мен шылаулар арқылы пайда болған туынды мағыналардың барлығы түбір сөздерге эмоционалды яки экспрессивті өң бере алады.

Қарапайым сөздер

Қарапайым сөздер барлық тілдерде бар. Зерттеушілер бұл категорияны әдеби тіл нормасына жатпайтын сөйлеу тілі элементтері ретінде қарастырады. Белгілі лексиколог Ф. Мұсабаев былай деп жазады: «Сөйлеуде қолданылатын, жазба әдебиеттерде қолданылмайтын, әдеби тіл нормасына сай келмейтін, жай дәрекі сөздерді қарапайым лексика дейміз. Қарапайым сөздер – су мұрын (жомарт), көпей (кенже қозы), кемшін (кем), т.б. Сонымен бірге қарапайым сөздер әдепсіз сөздермен де шектесіп жатады» (Кенжебаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1954. – 65-66-б).

Профессор М. Балақаевтың пікірі де осы пікірмен орайлас. Қарапайым сөз – жалпыхалықтық сөйлеу тілінің кейбір әлеуметтік ерекшелігі бар тілдік нұсқалар. Олар әдеби тіл нормасына жатпайтын, көбіне дөрекі, жасық, дөкір сөздер болып келеді. Мысалы, *қатын алу* (үйлену), *кембағал* (кедей, жарлы), *әйдік* (дәу, үлкен), *нашандік* (начальник), *былшыл, оттау, көк мойын, шүйке бас*, т.б.

Қарапайым сөздер көбіне кемсіту, мұқату, төмендету, сықақ-мазаққа айналдыру, жақтырмау мәнінде, дөрекі, тұрпайы сипатта қолданылады. Мұндай сөздердің бірқатары мыналар: *алжыған қақпас, атаңның басы, атауын ішу, аузына келгенін оттау, ауы мен бауы бар, ақмағамбет, әмпей-жәмпей* (сырлас), *әкесіне таныстыру* (жазасын беру), *әжік-мүжік, әжік-күшік* (оны-мұны), *әкеңнің құны қалған жоқ* (ақысы кету), *бөспебай, былшылдама, балтай-шалтай* (анау-мынау), *баикасы варит етпейді, болтиган, гәңгіру, жырбақай, жыпылдақ, жыртыңбай, ит біле ме?, иттің баласы, кәллә, көди-сөди* (үсақ-түйек), *көрбай-жербай* (үсақ-түйек), *көйіту, қарны қабақтай, қауақ бас, қоқаяу, қылқию құйрығын ұстатпау, қоқ етпеу, мұрынбоқ, ноқаты кем, нан соғар, пыш-пыштау, сайқал, сымпып қалу, табан жалтырату, төмен етек, тайраңдау, тырқылдау, жырқылдау, уқит-суқит жасау* (көз бояу), *үрғашы, шатып-бүту, шошаңбай, шошаңбас, шошақай, ішінді ұрайын*, т.б.

Қарапайым сөздерді арнайы зерттеген тілші Т. Пірімбетов оның басты-басты белгілерін атап көрсетеді.

1. Жекелеген сөздер, сөз тіркестері, грамматикалық формалар түрінде ұшырасатын қарапайым сөздер ең алдымен сөйлеу тілінің элементтері.

2. Көбіне сөз мәдениеті төмен адамдарда кездесетін мұндай элементтер әдеби нормаға жатпайды.

3. Қарапайым сөздердің басым көпшілігінде экспрессивтік-эмоционалдық реңк болады.

4. Барлығында бірдей болмағанымен, бірқатарында әдеби тілде дублеті (варианты) жарыса қолданылады.

Әдеби тілде баламасы бар қарапайым сөздерді әрі дисфемизмдердің, әрі қарапайым сөздердің қатарында қарастырған дұрыс. Себебі дисфемиздік қолданыста әдеби, сыпайы сөздер тұрпайы, дөрекі, қолайсыз сөздермен белгілі бір мақсатта әдейі алмастырылады. Мысалы, әдеби тілдегі «әйел» деген сөзді *қатын, төмен етек, шүйкебас, ұзын етек, шөп желке* деп төмендетіп айта беруге болады.

Қарапайым сөздерді сонымен бірге диалектизмдермен де шастырып алуға болмайды. Диалект сөздер белгілі бір аумақта, ауданда ғана қолданылса, қарапайым сөздерді бүкіл халық қолдана береді. Әрі диалект сөздердің өзге аймақтарда белгілі бір варианты (дублеті, изоглоссасы) болады да, қарапайым сөзден ажырап тұрады. Жаргондар мен арголарды кейде қарапайым сөздердің қатарында тану фактілері бар. Шындығына келгенде, жаргондар мен арголар – белгілі бір әлеуметтік топтың құпияланған сырды сақтау үшін пайдаланатын жасанды сөздері. Мысалы, студенттер тіліндегі құлап қалу (емтихан тапсыра алмау), құйыршық (академиялық қарыз), пенсия (стипендия) жаргондық сипаттағы тұлғалар. Бұлар қазір бүкіл халыққа түсінікті болғанымен, қарапайым сөзге айнала алмайды, жаргон күйінде қалады.

Тілімізге өзге тілдерден еніп, сіңісіп кеткен қарапайым сөздер де бар. Мысалы, кәллә (бас), батшағар (бұзылған) парсы тілінен енген болса, дорак (ақымақ), шпана (ұры), шалай-балай (шалай-валаяй) орыс тілінен енген сөздер.

Тілімізде журналдардың көмегімен жасалған қарапайым сөздер де көптеп кездеседі. Мысалы, *өкірекбай, сөлпекбай, колхозбай, сусылдақ, жыбырлақ, ыңқит, тыңқит, жырбит, шыжбақай, жыртақай*, т.б. Мұндай сөзжасамға орыстың -ский, -изм журналдары араласа алады: *мынауский, қатқанский, оттаубайский, оттаганский, рахатизм, лаззатизм, шатақизм*, т.б.

Қарапайым сөздердің құрамы да әртүрлі болып келеді: *бөсіп-бөсіп, оттап-оттап, бұтып-шату, пыш-пыш* сияқты қос сөздер де, *боқмұрын, қақбас, қубас* сияқты біріккен сөздер де, *қағып сал, сылқитып жібер, иттің баласы, тойып* алғандар сияқты тіркескен сөздер де кездеседі.

Тұрмыстық лексика

Тұрмыс-тіршілікке байланысты күнделікті өмірде сан алуан сөздер пайдаланылады. Аса маңызды ұғымдарды қамтып бейнелейтін мұндай сөздер сөздік құрамның едәуір бөлегін алады. Тұрмысқа қажетті көптеген заттар мен нәрселер ежелгі дәуірлерден бері бар. Олар келе-келе өздерінің түрі-түсін өзгерткенімен, атауларын сақтап қалған. Бұлардың әрқайсысын егжей-тегжейлі зерттеу тарихымызды, ескі мәдениетімізді тануға көмектеседі. Тұрмыстық лексикаға қандай сөздер жататындығын білу үшін оларды лексикалық-тақырыптық топтарға бөліп қарастырған жөн.

Киім-кешекке байланысты сөздер: *тон, көйлек, бас киім, аяқ киім, етік, құлақшын, тымақ, шекпен, қамзол, төбетай, мәсі, кебіс, костюм, пальто, шалбар*, т.б.

Төсек-орынға байланысты атаулар: *керует, кілем, көрпе, жастық, көрпеше, жапқыш, матрац, простыня*, т.б.

Ыдыс-аяққа байланысты қолданылатын атаулар: *кесе, аяқ-табақ, қасық, стакан, тостаған, сапар кесе, қолбақыр, шөйнек, леген, ожау, бақыраш, аққұман, шәугім, шелек*, т.б.

Үй мүліктері: *кебеже, сандық, өбдіре, стол, орындық, шифонер, мебель, этажерка, дастарқан*, т.б.

Үй шаруашылығына қажетті заттардың атаулары: *балта, шот, ара, балға, күрек, тырма, сыпырғыш, сүймен, қалақ, әтешкір*, т.б.

Үй атаулары: *там, қараша үй, жолым үй, шошала, киіз үй, жаппа қос, коттедж, кірпіш үй, терезе, есік*, т.б.

Қысқаша мағлұмат беру үшін алынған лексикалық-тақырыптық топтардың әрқайсысы шағын-шағын лексика-семантикалық жүйе құрайды. Мысалы, ыдыс-аяқтардың өзін іштен мақсатына қарай тамақ жеуге, сусын ішуге арналған ыдыс-аяқтар деп бөлуге болады. Пішін түрпатына қарай аласа, биік деп ажыратуға келеді, т.с.с. Киім-кешекке байланысты сөздердің де сыр-сипаты бір төбе. Мұның барлығы ғылыми әдебиеттерде баяндалады. Жоғарыда аталған сөздер көбіне шаруашылыққа, өндіріске, ғылымға, техникаға, өнерге, мәдениетке, оқу үдерісіне, т.б. қатыссыз үй тіршілігіне байланысты айтылғандықтан, *тұрмыстық лексика* деп аталады.

Кітаби лексика

Алғашқы кезде орыс ғалымдары шағатай тілін (ортаазиялық түркі әдеби тілі), қазақ елінде XIX ғасырда пайда болған қисса-жырлардың тілін *кітаби тіл* деп атады. Қазан төңкерісінен кейін шағатай тілі ғана емес, орта ғасырлардағы түркі жазба жәдігерліктері тілі де, тіпті Орта Азия түркі халықтарында қалыптасқан эпистолярлық-ресми әдебиеттің тілі де шартты түрде кітаби тіл деген атауға ие болды. Бұл қоспа тіл араб-парсы ескі түркі, шағатай, татар элементтерінің көптігімен ерекшеленеді. Ескеретін жайт, мұны орыс тіліндегі кітаби тіл (книжный язык) деген ұғыммен шатастыруға болмайды.

Кітаби тілдің үлгілері келесідей болып келеді. Рабғузидің XIV ғасырда жазылған «Қисса сул-анбиа» атты еңбегінен: *Ол ка-*

фирлар құдық агзыга қырқ киши биригип бір таш қойдылар. Ол ташны Муса бір елики бирла алып ташлады. Олардың қойларын құнашлан сугара берди (Кенесбаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1962. – 165-б.).

Қазақшасы: Ол көпірлер құдық аузына қырық кісі бірігіп, бір тас қойды. Ол тасты Мұса бір қолымен алып тастады. Олардың қойларын құлаштап суғара берді. Бұл мәтінге «кафир» деген бір сөзден басқа араб-парсы сөздері араласпаған. Алайда фонетикалық, морфологиялық, лексикалық жағынан айырмашылықтар бар. *Киши, таш* зат есімдерін, *ташла* етістігін қазіргі қазақ тілімен салыстырсақ, с дауыссызының орнына үш бірдей сөзде кітаби тілдегі **ш** дауыссызының қолданылғанын *ташла* – етістігіне **-та** жұрнағының орнына сонор дыбыстан басталатын ортағасырлық **-ла** жұрнағының жалғанғанын көреміз. «Қол» деген мағына беретін *елик* сөзі қазіргі тілімізде ескірген: «жалғыз ілікі» фразеологизмінің құрамында ғана кездеседі. «Көмекке, жәрдемге» зәру адамдарға байланысты қолданылады. Әуелде тура мағына беретін «бір қолы жоқ, жалғыз қолды» тіркесінен абстракцияланып, дерексізденген. Мұндай айырмашылықтарды сол дәуірде жазылған кез келген жәдігерліктен табуға болады.

XVIII ғасырдағы іс қағаздарынан үзінді: *Шәукәтлі уә құдрәтлі шаһиншаһ азамымыз газми хазратрина. Кіші юз қырғыз уә қазақ ригаятыңыз Бай оглы ругының баи страшинасы һәм тархан Сырым Дат оглындан табиғиә гарыз нама* (Кенесбаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1962. – 171-б.).

Қазақшасы: дәулетті әрі күдіретті шаһиншаһ (патшалардың патшасы) ағзамымыздың ұлық мәртебесіне. Кіші жүз қырғыз-қазақ жұртыңыз Байұлы руының бас старшинасы әрі тарханы Сырым Датұлынан құлдық ұрған арыз хат (аударма Б. Сағындықұлының). Мұнда мәтін шағын болса да, *шаукат* (дәулет) *құдрат* (күдірет), *шаһиншаһ* (патшалардың патшасы), *азгам* (қастерлі, ұлық), *ригаят* (қарауындағылар), *табиғ* (бағынышты), *гарыз* (арыз), *нама* (хат), *уа, һәлі* сияқты араб-парсы сөздері түркі сөздерінен көп. Ал қазақы кіші жүз, ру, бас, ұлы сөздері кітабиленген: *кичи, йүз, руг, баи, оглы*.

Осы мәтіндерден-ақ кітаби тілдің жалпы сипаты анық аңғарылады. Демек, көне әдеби дәстүр мен қазіргі әдеби тілдің айырмашылығы жер мен көктей. Дегенмен қазан төңкерісіне дейінгі дәуірлердегі жазба әдебиеттен қазіргі тілімізге, өзге тілден ауыс-

қан кірме сөздер сияқты сандаған сөздер, ұғымдар мен түсініктер еніп кеткен. Мұны *кітаби лексика* деп жүрміз. Олардың арасында *гибрат, абырой, хал-ақуал, насихат, ақиқат, қаһарман, гауһар, шапағат, ыждағат, пәрмен, ғұлама, жаназ, ораза, күнә, бата, дұға, пешене, уағыз, иман, құптан, бесін, тағдыр, пір, шаригат, қиямет, мешіт, қажы, шырақ, аруақ* сияқты араб-парсы сөздерімен қатар *шаман, тархан, жасаған ием, жазмыш, болмыс, тәңір, жарықтық, құт, бес тоғыс, тамыз, ұт* сияқты көне түркі сөздері де бар. Кітаби тіл арқылы еніп, қазір тілімізден ығысқан немесе ығысуға жақын тұрған сөздер де бар: *қарекет, мүғдар, мүкәммал, шайыр, медет, мүттәйім, дәуіт, мейман, тарап, құдайы ауқат*, т.б.

Кітаби тілді мынадай үш белгісі бойынша айырып-ажырата аламыз.

1. *Лексикалық белгі*. Кітаби тілдік үлгілердің құрамында қазақ тіліне қарағанда араб-парсы сөздері сан жағынан әлдеқайда көп болып келуі. Араб-парсы сөздерінен басқа оғыз тілдеріне тән және татар тіліне жататын жеке сөздердің ұшырасуы.

2. *Грамматикалық белгі*. Оған қазақтың жалпыхалықтық тіліне тән емес кейбір морфологиялық тұлғалардың актив қолданылуы жатады. Мысалы, өткен шақ есімшенің анықтауыштық қызметте көбіне **-мыш** жұрнағы арқылы жасалуы, етістіктің III жағының **-дүр** формантын, көпшілік жағдайда **-лар** жалғауын тіркеуі; *бирлән, уа, һәм* тәрізді өзге тілдік шылаулардың қолданылуы; *кейде* (өте сирек) құрмалас сөйлемнің *ки* (кім) құрылымды болып келуі, т.б.

3. *Орфографиялық белгі*. Бұл – қазақ сөздерінің сингармониялық заңға байланысты фонетикалық варианттарын ескермей, жалғау-журнақтарды бір-ақ вариантта жазу (*атлар, қазлар, атын, қазны, атлиқ, қазлық*, т.т.); сөз басында ж-ның орнына й жазу (*йас, йігірма, йахшы*, т.б.); сөз ортасында ғ әрпін қосып жазу (*йігірма, углы, ұругы – руы*, т.т.), араб-парсы сөздерін түпнұсқаша жазу. Соңғының салдарынан («Дала уалаяты; «Түркістан уалаяты» газеттерінде, «Айқап» журналында) қазақ тіліне еніп бұрыннан «қазақыланып» кеткен кейбір сөздерді қайтадан «арабыландырып», «парсыландырып» жазу дәстүрі пайда бола бастаған; *ғақыл, гадет, гамал, хукім* (Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі (лексикасы мен грамматикасы). – Алматы, 1968. – 36-37-б.).

Сонымен қатар кітаби тілдің басты ерекшелігі көне тұлғаларды байырғы пішінде өзгертпей жазуында.

Тілімізде баламасы бола тұрып, өмірге қажеті болмаса да, орынсыз қолданылған шетелдік сөздерді *варваризмдер* деп атап жүрміз. Солай екені – ақиқат, шындық. Алайда тілімізге орынсыз енген шетелдік сөздерді ретіне қарай қажетке жаратуға болатындығын Ф. Қалиев пен Ә. Болғанбаев «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты оқулығында былайша тұжырымдайды.

1. Кейде бір халықтың шынайы өмірін, тұрмыс-салтын суреттеп көрсетпек болғанда, сол елдің ұлттық ерекшелігін мақсатымен варваризмдер саналы түрде әдейі қолданылады.

2. Тыңдаушыға ерекше әсер етіп, күлдіру үшін халық ақындары да варваризмдерді пайдаланады.

3. Өзге тілдегі сөздерді сөзбе-сөз аударуға қиын болған жағдайда варваризмдер сол қалпында еш өзгерілмей алынады.

4. Варваризмдер кейде қоғамдағы жағымсыз қылықтарды келемеждеу үшін де қолданылады.

5. Ана тілін білуге мән бермей, оған жүрдім-бардым қарап, тіл шұбарлаушыларды келемеждеу үшін де жазушылар варваризмдерді жиі пайдаланады.

Мұның барлығы, әрине, танымымыздың жоғарылығының, тіл жұмсаудағы шеберлігіміздің белгісі. Алайда варваризмдердің көбеюінің қайнар көздері қандай, пайда болуының жолдары бар ма деген сұрақ туындайды. Өзге тіл элементтерін қарттар көбінесе дыбыстық өзгерістерге ұшыратып барып пайдаланады. Бұл ауыл тұрғындарында жиі кездеседі. Мысалы, «напитокті» *нәпиткі*, «пачканы» *пәшкі*, «совсемді» *сапсем*, «инвалидті» *инуәлит*, «мешокті» *мөшек*, т.б. деп айту ерсі көрінбейді. Сонымен қатар ересектердің тілінде де орысша мен қазақшаны араластырып айтатын жағдайлар аз кездеспейді. Мысалы, *амал который, дурак болма, сценарий бойынша, нерв системасы көтермейді*, т.б. Орыс сөздеріне қазақша қосымша қосылу арқылы да варваризмдердің үлкен тобы пайда болады. Мысалы, *нахалдар, нахалсың, менің кошкам, оның кошкасы, городқа, городтан, хлебен*, т.б. Егер жастар баламасы бола тұра «балмұздақты» *мороженое*, «аялдаманы» *остановка*, «ұшақты» *самолет*, «саяжайды» *дача*, «хатшыны» *секретарь* деп қолданса, соңғылары варваризм болып есептеледі.

Варваризмдерден құтылу – тіл тазалығының басты кепілі.

«СӨЗДІК ҚҰРАМ» ТАРАУЫ БОЙЫНША СУРАҚТАР

1. Сөздік құрамға атап айтқанда қандай сөздер тобы енеді?
2. Негізгі сөздік қордың өзіне тән басты белгілерін атап шығыңыз.
3. Негізгі сөздік қорға қандай лексикалық-тақырыптық топтар жатады?
4. Сөздік құрам тарихи шығу, жасалу тұрғысынан, қолданылу жиілігіне, пайдалану шеңберіне байланысты, көркемдік мәніне, стильдік қатысына қарай қандай топтарға бөлінеді?
5. Жалпылама (жалпыхалықтық) лексиканың өзіне тән ерекшеліктері.
6. Ескірген сөздер (архаизмдер) мен тарихи сөздердің айырмашылығын түсіндіріп беріңіз.
7. Сөздердің көнеру сипатына тоқталыңыз.
8. Жаңа атаулар мен жаңа қолданыстардың айырмашылығын түсіндіріп беріңіз.
9. Окказионал (кездейсоқ) сөздер дегеніміз не?
10. Моңғол тілінен енген сөздерді ажыратудың жолдары.
11. Араб-парсы тілдерінен енген сөздердің фонетикалық, семантикалық, грамматикалық игерілу себептерін түсіндіріп беріңіз.
12. Орыс тілінен енген сөздердің кезеңдері.
13. Орыс тілінен енген сөздердің игерілу дәрежесі.
14. Терминге тән белгілер.
15. Термин жасаушыларға қойылатын талаптар.
16. Термин жасаудың жолдары мен тәсілдері.
17. Диалект сөздердің лексикалық ерекшеліктері.
18. Диалект сөздердің морфологиялық ерекшеліктері.
19. Диалект сөздердің фонетикалық ерекшеліктері.
20. Диалект сөздердің синтаксистік ерекшеліктері.
21. Кәсіби сөздердің диалект сөздер мен терминдерден айырмашылығы.
22. Кәсіби сөздердің түрлері.
23. Эмоционалды (әсерлі) сөздердің өзіне тән белгілері.
24. Экспрессивті (әрлі) сөздердің өзіне тән белгілері.
25. Қарапайым сөздердің өзіне тән белгілері.
26. Тұрмыстық лексиканың лексикалық-тақырыптық топтары.
27. Кітаби лексика және оның өзіне тән белгілері.
28. Варваризмді өзге категориялардан айырып-ажыратудың жолдары. Көркем әдебиетте жұмсалуды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1978, 1994.
2. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988.
3. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ф. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, Санат, 1997, 2006.
4. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. – Алматы, Ғылым, 1970.
5. Досқараев Ж. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері (Лексика). – Алматы, 1955.
6. Қалиев Ф., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. – Алматы: Ғылым, 2002.
7. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы: Ғылым, 1998.
8. Нұрмұқанов Х.М. Сөз және шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1987.
9. Рүстемов Л. Қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздер. – Алматы: Ғылым, 1979.
10. Сағындықұлы Б. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006.
11. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі (Лексикасы мен грамматикасы). – Алматы: Ғылым, 1968.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Сөздік құрам.....	4
Сөздік құрам туралы жалпы мағлұмат.....	4
Жалпылама (жалпыхалықтық) лексика.....	6
Көне сөздер.....	7
Жаңа сөздер.....	9
Кірме сөздер.....	10
Термин сөздер.....	15
Диалект сөздер.....	19
Кәсіби сөздер.....	23
Эмоционалды-экспрессивті сөздер.....	27
Қарапайым сөздер.....	29
Тұрмыстық лексика.....	31
Кітаби лексика.....	32
Варваризмдер.....	34
«Сөздік құрам» тарауы бойынша сұрақтар.....	36
Әдебиеттер.....	37

«ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ» баспа үйінің ЖАҢА КІТАПТАРЫ

Абдрахманова Ж.Ә. Қазақ тіліндегі окказионал фразеологизмдер прагматикасы: монография, 2-бас. – 2015. – 160 б.

ISBN 978-601-04-1176-0

Кітапта окказионал фразеологизмдердің коммуникативтік прагматикалық мәселелері, көркем мәтіндердегі окказионал фразеологизмдер, бұқаралық ақпарат құралдарында окказионал сөз орамдарының қолданылу ерекшеліктері мен ұлттық сипаты көрсетіліп, олардың пайда болу себептері, жасалу жолдары, тілдік нормамен аражігі ажыратылады.

Бұл монография бакалавриаттарға, магистранттар мен оқытушыларға арналған.

Қазыбек Г.Қ. Аударматану туралы афоризмдер. – 2015. – 36 б.

ISBN 978-301-04-0718-3

Бұл жинақта қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі «Аударма ісіне», аудармашы шеберлігіне қатысты афоризмдер топтастырылған. Аударма ісі мамандығының студенттері мен магистранттарына арналған.

Қазыбек Г.Қ. Аударма теориясы мен тәжірибесіне арналған тест тапсырмалары: оқу әдістемелік құралы. – 2015. – 88 бет.

ISBN 978-601-07-0719-0

Қазіргі кезде тест тапсырмалары арқылы білім сапасы мен деңгейін тексеру, жоғары технологиялар қатарына жатқызылады. «Тест» – ағылшын сөзі, сынақ, байқау деген мағынаны білдіреді. Тест – студенттердің білімін және дағдыларын тексеретін құрал болып табылады. Сондықтан да бұл жинақ аударма мамандығында білім алатын студенттер мен магистранттарға арналып құрастырылған.

Құраст. Садырбайұлы С.; жалпы ред. басқ. Әбдезулы Қ. Қазақ халық әдебиеті: екі томдық хрестоматия. II том. Өңд., толықт. екінші бас. – 2015. – 276 б.

ISBN 978-601-04-1043-5 (ортақ)

ISBN 978-601-04-1035-0 (II том)

Қазақ халқының фольклорлық шығармаларының негізінде құрастырылған бұл кітап екі томнан тұрады: халық творчествосының өзіндік ерекшеліктері мен теориясы; фольклорлық жанрлардың ең таңдаулы үлгілері айтыс, батырлар жыры, тарихи жырлары енгізілді.

Бұл екі томдық хрестоматия жоғары оқу орындарының студенттері мен сөз өнерін қадірлеуші қалың оқушы қауымға арналған.

Чекина Е.Б. Русский язык для оралманов: учебное пособие (начальный этап обучения). – 2015. – 208 с.

ISBN 978-601-04-1148-7

Учебное пособие предназначено для начинающих изучать русский язык под руководством преподавателя или самостоятельно. Основная цель пособия – научить говорить на бытовые и социокультурные темы, читать тексты средней сложности со словарем, а также сформировать языковую и речевую основу для изучения русского языка в профессиональной сфере общения.

Кітаптарды сатып алу үшін «Қазақ университеті» баспа үйінің маркетинг және сату бөліміне хабарласу керек. Байланыс тел: 8(727) 377-34-11.

E-mail: baspa@kaznu.kz, сайт: www.read.kz, www.magkaznu.com